**2019 жылғы зерттеу жұмыстары.** Элеуметтану мен саясаттанудың қылышында тұрған мәселелердің бірі ретінде саяси өзіндік сананың батыстық емес және батыстық құндылықтары арасындағы айырмашылықты атауымызға болады. С.В. Чутров және Л.Б. Карелова [19] соңғы 20 жылдағы қогамдық пікір сауалнамасы негізінде Жапониядағы саяси бірегейліктің ерекшеліктерін анықтап, осы деректер арқылы елдің ұлттық саяси жүйесі мен саяси мәдениетінің өзгешеліктерін талдайды. Зерттеуде авторлар саяси бірегейлікті жапондардың Жапония бейнесі, маңызды саяси міндеттер мен басқарудың таңдаулы нысандары туралы идеялары; билік институттарына көзқарастары, қоғам субъективтілігінің ерекшеліктері арқылы дәйектейді. Қоғамдық пікірді талдаудың әлеуметтанулық әдістері, тарихи-мәдени көзқарас, «деконструкция» әдісі арқылы негізгі ұғымдар, саяси мифтер және басқа да дискурсқа айналдырылған көзқарастар анықталады және саяси бірегейлік элементтерінің эволюциясы белгіленеді. Қоғамдық пікірлер талдауымен таныса келе, дәстүрлер жапондықтардың саяси бірегейлігін қалыптастыруда маңызды рөл атқаратындығын байқауымызға болады. Саяси бірегейлік саяси таптың жанашыр және сенімді өкілдерінің қамқорлығына сүйену, үкімет тарапынан әлеуметтік қорғауды құту, ұлттық бірліктің жоғары дәрежесі, мемлекеттің негізгі саяси субъект ретіндегі қолдауы мен жеке қатысу деңгейінің төмендігі арқылы анықталады.

Нәсілдік, этникалық қатыстылық пен ұлт саяси бірегейліктің категориялары ретіндегі өзгешеліктерін білу маңызды. Саяси бірегейліктің осы үш категорияларының арасындағы үқастықтар мен айырмашылықтарды білуіміз қажет. Ж.Г. Луч [20] ғалымдардың көпшілігі

бірегейліктің жоғарыда аталған түрлерін оқшау түрде қарастырганын айтады. Автор Америка Құрама Штаттарының федералды саяси жүйесіндегі адамдардың бір жағдайын қарастыру арқылы бірегейліктің осы үш формасын салыстырады. Пуэрторикандықтар бұл ахуалда нақты зерттеу нәтижесін береді. Өйткені олар Америка Құрама Штаттарында орналасқан жеріне байланысты нәсілдік, этникалық немесе ұлттық саяси бірегейлікті көрсете алады. Араңдағы пуэрторикандықтардың ұлттық бірегейлік сезімін көрсететін негізгі саяси бірегейлігі бар. Бұл қөпұлтты демократиялардағы субмемлекеттік ұлттық қоғамдарға тән құбылыс. Құрлықтық Құрама Штаттардағы пуэрторикандықтар нәсілдік және этникалық тегі бойынша негізгі қөпшілік мәдениетіне сәйкес болінеді. Олардың негізгі саяси бірегейлігі таласу, келіссөздер және релятивизация процесі арқылы болса да, нәсілдік немесе этникалық болады.

Психология мен саясаттану бойынша жаңа әдебиеттерде саяси бірегейлік саяси шешімдердің маңызды қозғаушы күші ретінде анықталады. Алайда, адамның саяси бірегейлігі оның өзін-өзі бағалаудың кеңінен қалай ықпал жасайтындығы және неліктен кейбір адамдарға басқаларға қарағанда көбірек ықпалы туралы мәліметтер аз [21]. Зерттеушілер адамдардың саяси мінез-құлқының анықтаушы факторларының бірі ретінде өзіндік тұжырымдама туралы идеялардағы саяси бірегейліктің рөлін айқындаиды. Зерттеуде өзінің саяси бірегейлігі себепті орталық деп есептейтін адамдар («Мен» тұжырымдамасының қөптеген басқа сипаттамаларымен байланысты) өз саяси бірегейлігіне сәйкес әрекет ету ықтималдығы осы аспектіде себеп-перифириялық деп есептейтіндерге қарағанда көбірек болады деп болжанады. Осы болжамдарға сәйкес, 2016 жылғы АҚШ президенттік сайлауды кезіндегі саяси бірегейлік көрінісі өздерінің саяси партиясының бірегейлігін негұрлым орталық деп санайтындардың өз саяси партиясының кандидаты үшін дауыс беру ықтималдылығы төмендейтіндігі баяндалады. Сонымен қатар, ағылшын немесе британдық ұлттық бірегейлігінің себеп-салдарына көбірек сенетін Ұлыбритания тұрғындары Біріккен Корольдіктің Еуропалық Одақтан шығуын (Brexit) қолдайтынын анықтады.

Саяси бірегейлік электоралды мінез-құлқыты тұсіну үшін де өте маңызды [22]. Бұл мәселеде саяси партиямен өздерін тәңестіретін адамдар ескі немесе жаңа бәсекелестерге дауыс бере алмайтын лоялды жақтаушылар секілді әрекет ететіндігі айтылады. Ғалымдар популизм истеблишментке қарсы бағытталған саяси бірегейлік болған кезде ғана өркендей алатының дәлелдейтін жаңа теорияны дамытады. Бұл бірегейлік белгілі бір елдегі барлық қалыптасқан саяси партияларға эмоционалды және рационалды жиремнешілікті білдіреді. Эмпирикалық талдау электораттың шектеулі сегменті популизммен біріктірілген истеблишментке қарсы саяси бірегейлікті ұстанып қана қоймай, популизмге қарсы жақтастардың үлкен сегменті бар екенін көрсетеді.

Жоғарыда атап өткеніміздей, бірегейлік мәселелері Еуропадағы саяси пікірталастардың маңызды тақырыбына айналды. Басты мәселе, ЕО дәстүрлі түрде ұлттық мемлекеттердің сақтайтын негізгі саясат салаларындағы өкілеттіктерін айтарлықтай кеңейткенімен, оның саяси бірегейлігі әлі де әлсіз болып қалуында болып отыр. ЕО-ның саяси бірегейлігінің құрылышын, оның күші мен мазмұнының сипаттындағы айырмашылықтардың маңызы зор [23]. Авторлар Еуропалық ұлттық мемлекеттің қалыптасуы мен ЕО бірегейлігі бойынша зерттеулерге сүйене отырып, төмендемелі көзқарасты қолданады. Түрлі негізгі саясат салаларындағы ЕО институттарының саясатты құру арқылы саяси бірегейлікті қалыптастыру ұмтылышын талдайды. ЕО-ның саяси бірегейлігінің құрылымын анықтау арқылы ғалымдар саясатты әзірлеу процесіндегі саяси бірегейлікті бағалау үшін эмпирикалық көрсеткіштерді белгілейді. Сонымен қатар, бәсекелес саяси бірегейліктің даулары мен тіршілігін нақты қамтитын процеске бағытталған тәсілмен бірегейлік құрылышы талданады. Саясаттың түрлі

салаларын салыстыра отырып, ЕО институттарының ЕО саяси бірегейлігін құру мүмкіндігі бар ұлттық бірегейлікпен ғана емес, саясат салаларындағы бәсекелес саяси бірегейлікпен қатар өмір сүретіндегі болжанады. Демек, ЕО институттары үшін қуатты бірегейлікті құру қыын болды және бірегейлік ЕО ішінде айқын сыртқы баламалар мен шектеулі бәсекелес бірегейлік бар жерде құшті болды.

С. Фаббринидің [24] зерттеуінде ЕО-дағы саяси бірегейлік институттарының қызмет етуі арқылы қалыптасқан тұрларін қарастырады. Мақалада ұлттан жоғары тұратын және мемлекетаралық институционалдық құрылымдар арасындағы сараптамалық жіктеулерге сүйене отырып, шешім қабылдаудың мұндай екіжақты жүйесі саяси бірегейлікті құруға қатысты қайшылықты логиканы тудырғанын көрсетеді. Егер ұлттан жоғары институттар мемлекеттік сипаттамалары бар еуропалық саяси бірегейлікті құруга ұмтылса, үкіметаралық институттар оның орнына мүші мемлекеттердің ұлттық бірегейлігін сақтау үшін сол бірегейлікті деконструкциялау үшін әрекет етеді. Лиссабон келісімінен кейінгі көптеген дағдарыстар екі тұжырымдама арасындағы қарама-қайшылықты қүшейтіп қана қоймай, үкіметаралық ортадағы ұлттық бірегейлік арасындағы бәсекелестік олардың ұлтшылдық талаптарға айналуына әкелді.

Интернет дәуірінің келуі ұлттық басқаруда тұбегейлі өзгерістер әкелді, ал басқарудың құрделілігі мен өте белгісіз сипаты жаңа дәуірдегі саяси бірегейлікке жаңа талаптар қойды [25]. Басқару ортасы тұрғысынан немесе басқару субъектілері мен құрылымдары тұрғысынан қарастырылғанына қарамастан, Интернеттің ұлттық басқаруға әкелген өзгерістері саяси бірегейлікке қарсы шықты. Осылайша, жаңа дәуір жағдайында Интернетті басқарудағы өзгерістерге байланысты саяси бірегейлік сын-қатерлеріне жауап ретінде виртуалды әлемді басқаруды жаңғыртуға ықпал жасап, киберкеністік идеологиясының ұстемдігін қатаң бақылауда ұстап отыру арқылы халықтың саяси бірегейлігі үшін төмендегі жаңа байланыстарды қалпына келтіру қажет: бірегейлікті дамытуға қол жеткізу үшін кешенді басқаруды жүзеге асыру; субъектінің жеке басын анықтау үшін қызмет көрсетуге бағытталған басқаруды қүшету; тұрақты бірегейлікті жақсарту үшін икемді басқаруды ынталандыру.

**2020 жылғы зерттеу жұмыстары.** Колледждер мен университеттер студенттерді демократия талаптарына дайындауға көбірек тартылады [26]. Студенттердің бұл қыындықтарға төтеп беру қабілеті бір жағынан саяси бірегейліктің дамуына байланысты. Қазіргі уақытта саяси бірегейліктің шығармашылық процестермен байланысы туралы аз зерттеулер жүргізілген. Ғалымдар оқу аудиторияларында студенттердің саясатпен айналысатын орны ретінде маңыздылығын ескере отырып, шығармашылықты ізгілендіру мен студенттердің өздерінің саяси бірегейлігін жүзеге асыру арасындағы байланысты көрсету мақсат ретінде қояды.

XXI ғасыр басындағы Таяу Шығыс елдеріндегі мемлекеттілік дағдарысы мен конфликтілер аясында бірегейлікті саясиландыру қүшейіп кетті [27]. Өздерін жалпы этникалық, діни, конфессиялық белгілері бойынша танитын және осы негізде саяси талаптарды тұжырымдайтын топтар саяси алаңда өзін белсендірек ұстайды. Саяси мақсаттарға жету үшін жұмылдыру процесіндегі бірегейлікті пайдалану олардың арасындағы бар айырмашылықтарды өз алдына конфликтінің қозгаушы құші ғана емес, саясиландыру процесінде осында бола түсетеңін көрсетеді. Сәйкесінше, халықаралық қатынастарға қатысушылардың саясатын тек примордиалды конфликт арқылы түсіндіру әрекеттері нәтиже бермейді. Сонымен қатар, саяси бірегейлікті қарастыру аймақ мемлекеттерінің одактастары мен жанашырларын таңдауын түсіндіре алады. Түрік қоғамында идеологиялық негізде саяси өзін-өзі сәйкестендіру басым болса, Сирияда конфликт жағдайында конфессиялық бірегейлік бірінші орынға шықты. Ливанда

конфессиялық жүйе бұрынғысынша институттардың жұмысын анықтайды. Дін ұлттық бірегейліктің ең маңызды элементі болып табылатын Израильде саяси салада зайырлы идеологиялар мен діни дискурстың симбиозы бар. Иранда революция исламдық-шииттік бірегейлікті «ресми идеологияның» негізгі құрамдас бөлігіне айналдырыды. Сондықтан сыртқы саясаттағы бірегейлік факторын пайдалану ахуалдық сипатты иеленіп отыр. Діни немесе конфессиялық бірегейлікті атап көрсету кең ауқымды халықаралық өзара қатынастар контекстінде анахронизм болып көрінеді және әлеуетті әріптестерді алшақтатуы мүмкін. Дегенмен, саяси бірегейлік факторын есепке алмай, аймақтағы конфліктілер тенденцияларының дамуын болжау мүмкін емес.

Азаматтардың саяси бірегейлігінің қалыптасуы мемлекеттілік қауіпсіздігінің факторы болып табылады [28]. Ғалымдардың пікірінше, саяси бірегейліктен бөлек матрица секілді көптеген бірегейлік болады, олар бір-бірімен үздіксіз өзара әрекеттеседі, толықтырады және ықпал жасайды. Әдіснамалық түрғыда саяси бірегейлікті қалыптастыру процесі интеракционизм түрғысында саяси өзара әрекеттеседі. Сонымен қатар, авторлар саяси бірегейлікті қалыптастырудың тиімділігін және мемлекеттілік дағдарысы түріндегі ықтимал жағымсыз салдарларды объективті бағалау үшін постструктуралызм түрғысынан жағдаяттық бірегейлікті негізгі саяси бірегейлікке айналдыру тетігі ретінде қарастырады. Саяси бірегейліктің қалыптасуын зерттеудің көптеген тәсілдері оны құрудың түрлі модельдерін қарастыру арқылы толықтырылады. Бұл үшін фрагментарлық, элиталық және органикалық модельдерге мән беріледі. Негізгі қатысушылары саяси элиталар, БАҚ және азаматтық қоғам болып табылатын саяси бірегейлікті қалыптастыру процесіндегі мемлекеттің жетекші рөліне ерекше назар аударылады. Құрылған үшбұрышты диаграммаларды талдау нәтижелері бойынша екі заңдылық анықталды. Біріншіден, саяси элита ұсынатын саяси бірегейлікті қалыптастыру үлгілерін әлеуметтену процесінде он қабылдау мен интеграциялану режимінің өзгеруіне әкелетін жаппай наразылықтардың әрбір жарылысы қоғамда байқалады. Екіншіден, БАҚ пен саяси элитаның мемлекеттіліктің қауіпсіздік деңгейінде және қоғамдағы шиеленістің өсуіне ықпалының анықталған тенденциясында көрінеді.

Бұқаралық ақпарат құралдарының саяси бірегейлікке ықпалын М. Шехата [29] зерттеуінен де байқауымызға болады. Ол әлеуметтік-саяси коммуникация түрғысынан Еуропадағы Тунис диаспораларының саяси бірегейлігіне БАҚ-ты пайдаланудың ықтимал әсерін зерттейді. Дания, Швеция және Францияда тұратын тунистіктермен жүргізілген 45 сұхбат негізінде, саяси бірегейліктің құрамдас бөліктеріне (Отан, дін және идеологияға бағытталған) қатысты БАҚ-ты пайдалану үлгілеріне ерекше назар аударады. Талдау көрсеткендей, бұқаралық ақпарат құралдары диаспораның Отанға бағдарлануына пайдалы әсер етеді, бұл процесс қатысушылардың Туниспен бұрынғы байланысына байланысты болуы мүмкін. Бұқаралық ақпарат құралдары сондай-ақ саяси идеологияны қысқамерзімді трансформациялап, діни бағдарларға әсер етті. Бұл процесс негізінен ата-тегі мен тұратын елдегі өміріне байланысты болды. Зерттеуде Тунис диаспорасы шыққан елден де, түрғылықты елден де туындастын әлеуметтік-саяси қағидаларды қабылдауға ықпал ететін медиа арналар қолдайтын гибридті бірегейлікті құру ықтималдығы жоғары екендігі болжанады.

Саяси бірегейліктің сенімге ықпалын зерттеген еңбек те кездеседі [30]. Аталмыш зерттеуде саяси бірегейлік пен объективті ақпараттың басқалардың сенімділігі туралы ұғымдарының қалыптасуына ықпалы айқындалады. Ғалымдар Америка Құрама Штаттарының жалпы түрғындарының іріктемесі бойынша ынталандырылған эксперименталды сауалнаманы пайдалана отырып, сенімді мінез-құлық, басқалардың беріктігіне сенімдері және нақты өзара қарым-қатынасты анықтау үшін серіктестердің саяси

бірегейлігі туралы ақпаратты түрлендіреді. Зерттеуде сенім серіктестің саяси бірегейлігіне байланысты екені байқалады, бірақ олар әрқашан бөтен топтарға біржақты қарайды. Бұл әдебиетте кездесетін партияаралық антагонизм міндегі түрде бөтен топтардың не істейтіні туралы пессимизмге әкелмейтінін көрсетеді.

**2021-2022 жылдардағы зерттеу жұмыстары.** Бұл жылдары мәселеге қатысты еңбектер санының азайғанын байқауымызга болады. Жоғарыда атап өткендей, дұрыс азаматтық қоғам құру және демократиялық даму үшін саяси бірегейлік топтары ішіндегі және арасындағы сенім мен ынтымақтастық маңызды мәселелер болып табылады. Кезекті зерттеуде авторларды бейтаныс адамдар арасындағы сенім алмасуда саяси бірегейлік маңызды ма деген сұрақ қызықтырды [31]. Зерттеуде саяси бірегейлігі бірдей немесе әртүрлі субъектілер жұптары арасындағы сенімнің дамуын анықтау үшін үш сатылы эксперимент жасалды. Бірінші кезеңде сыналып отыргандар сенімді өкіл ретінде жұппен кездейсоқ жинақталды және олардың саяси қатыстылығы ашылмады. Екінші кезеңде жұптар әлі де кездейсоқ таңдалды, бірақ әрбір сыналып отыргандарға серіктесінің саяси қатыстылығы туралы ақпарат берілді. Үшінші кезеңде әрбір субъект өзінің серіктесінің ұнамды саяси бірегейлігін таңдай алды. Нәтижелерде түрлі бірегейлік жағдайында сенімді мінез-құлықты қалыптастырудың екі тетігі анықталды: бірінші тетік - саяси бірегейлік; екінші тетік - өзара әрекеттестік.

Сенім алшақтығы гипотезасын толық түсіну үшін келесі зерттеуде көзқарастар мен жалған сенімдердің қалыптасуына саяси бірегейліктің, білім берудің және бұқаралық ақпарат құралдарын объективті пайдаланудың ықпалы дәйектеледі [32]. Саяси бірегейліктің көзқарастар мен жалған сенімдерге ықпалы адамның біліміне байланысты екендігі айқындалып, бұл саяси бірегейлікпен үйлескенде сенім алшақтығын арттыратын көрсетеді.

О.-Р. Илован [33] зерттеуінде 1967 және 1989 жылдар аралығында «Citezatorii» (Батылдар) журналында жарық көрген білім беру комикстерінің нарративін пайдалана отырып, кеңістіктің әлеуметтік және мәдени құрылышын, Румынияның социалистік қоғамындағы әлеуметтік таптардың саяси бірегейлігін ашуға бағытталады (1948-1989 ж.ж.). Визуалды және дискурсивті талдауды қолдана отырып, автор комикстердегі еңбек және социалистік прогресс туралы үгіт-насихат қызметін ұтымды көрсетеді. Нәтижелер комикстердегі мәтін мен суреттердің кеңістік пен бірегейлікті таныстырудың жаңа немесе социалистік баяндауды құруға, бірегейлік пен қиялдағы қауымдастықтардың қалыптасуына ықпал ететін нысандары бар екенін көрсетеді. Фалым ұсынған қорытындыға сәйкес, комикс дискурсы идеологиялық кеңістікті қайта таныстырады, кейіпкерлерді бағалайды, олардың адамгершілігі немесе оның жетіспеушілігін белгілейді, белгілі бір жағдайда қандай ұстанымның қалыпты немесе қалыпты емес екенін көрсетеді.

Н. Аллен және Р. Брукс [34] мақаласында келесі үрпақтың зерттеулеріне негіз қалау үшін әскердегі бірегейлікке негізделген топтастыру феноменін дәйектейді және Африка мен Таяу Шығыстағы режимдердің мысалдарымен мәселенің үш жиынтығын ұсынады. Біріншіден, фалымдар тұжырымдарды сынни тұрғыдан қарай отырып, айырмашылықтарды, оның ішінде этникалық ерекшелікten тыс саяси бірегейлікті ескере отырып, әскери күштер арасындағы бірегейлік өзгерістерін бақылау қажет. Екіншіден, тыйым салынған жұмыс істейтін тетіктерге көбірек назар аударған жөн. Өйткені ол бірнеше бірегейлік негіздерін қамтуы мүмкін, саяси бірегейлікті манипуляциялау және жасау үшін топ ішіндегі бәсекелестікті ынталандыру үшін қолданылуы ықтимал. Үшіншіден, көшбасшының саясатқа және тарату мәселелеріне қатысты шығындарын көбірек ескеріп, режимнің қауіпсіздік императивтерінің арасында пайда болатын сауда-саттыққа назар аудару қажет.

Н. Лавджой [35] ескерткіштерді жасаушы билеушілер өздерінің саяси бірегейлігін бейнелі кескіндемелер, жазулардың көрнекілігі мен мазмұны арқылы үйлестіруге

ұмтылғанын айтады. Зерттеуде айқындалып отырғандай, ескерткіштер арқылы Хиява (б.з.б. IX-VII ғасырлардағы Шығыс Киликиядағы шағын неохеттік құл иеленуші мемлекет) патшалығының саяси күн тәртібіндегі өзгерістерді, қарсы саяси фракциялар арасындағы биліктің ауысуын көруімізге болады. Бұл бірегейлік қасақана екіштылық сезімін қамтиды. Өйткені түрлі топтар бір хабарды тез арада қолдамайды, керісінше әскери ерлік, саудасаттық байланыс, король легитимдігі және билігі сынды көп қырлы хабарды тарату үшін бірге жұмыс істейді.

### Қорытынды

Саяси бірегейлік мәселесінде саясаттағы оңшылдар мен солшылдар көзқарастарына мән беріледі. Саясатта дәстүрлі түрде консервативті, реакциялық және қоргаушы бағыттары мен идеологияларын оңшыл деп атайдының білеміз. Оңшылдар көп жағдайда қазіргі жағдайды сақтағысы келеді. Оңшыл идеологияларға көптеген бір-бірінен айырмашылықтары бар идеологиялық бағыттар жатады: консерватизм, классикалық либерализм, экономикалық либерализм, консервативті либерализм, либералды консерватизм, ұлттық консерватизм, ұлттық демократия, ұлттық либерализм, оңшыл либертариzm. Сәйкесінше саясаттағы солшылдар көптеген саяси бағыттар мен идеологиялардың дәстүрлі атауын білдіреді. Солшылдардың мақсатына әлеуметтік теңдік, әлеуметтік әділеттілік, ауқаттылардың кедейлерге кірістерін қайта бөлу және қоғамның ең аз артықшылықты топтары үшін өмір сүру жағдайларын жақсарту немесе қоғамның таптық бөлінуін толығымен жою жатады. Солшылдар өндіріс құралдарына жеке меншікті шектеуді немесе толық жоюды жақтайды. Олар әлеуметтік теңдікке, түрлі әлеуметтік топ мүшелерінің мүмкіндіктерін теңестіруге үмтүлады. Міне осы екі бағыттың құндылықтары негізінде елдегі саяси бірегейлікті қалыптастыруға болады деуімізге болады.

Еуропалық Одақтың саяси бірегейлігі мәселесі түрғысындағы көзқарастар да анықталып отыр. Ең алдымен бұл мәселеде саяси бірегейлікке саяси және географиялық ерекшеліктер ықпал ететіндігін байқадық. Ғалымдардың басым бөлігі ұлттық мемлекеттерді сақтайтын өкілеттіліктер кеңейгенімен, елдердің саяси бірегейлігі әлсіз екенін баяндайды. Бұл тұста оның әлсіз жақтарына саяси бірлестіктері көптеген бәсекелес саяси бірегейліктің (Одаққа 27 мемлекет мүше екенін ескерсек, 27 бәсекелес саяси бірегейлік болуы ықтимал) қалыптасуы ықпал етуі мүмкін.

Бірегейлік түрлері бір-бірімен үздіксіз өзара байланыстар орнатқан. Саяси бірегейліктің қалыптасуына бұқаралық ақпарат құралдарының ықпалы өте зор. Саяси бірегейлік халықтың сеніміне де елеулі үлес қосады. Сенімді мінез-құлық қалыптастырудан тетік ретінде саяси бірегейлікті пайдалануға болады. Саяси бірегейлікті анықтау үшін елдің соңғы он жылдықтағы дамуын емес, елдің қалыптасқан уақыттан бергі саяси тарихын қараша қажеттілігі белгіленіп отыр. Саяси бірегейлік ұлттық-саяси бірегейліктің эволюциясы барысында қалыптасып, саяси тәжірибе мен режимдер негізінде этникалық, мәдени және саяси дамуына ықпалын тигізеді. Елдің мемориалдық тәжірибесі де саяси бірегейлікпен байланысты екендігі дәйектеліп отыр. Кез келген елдің мемлекеттік саясатын қолдау саяси бірегейлікпен байланысты екенін де атап өткіміз келеді. Халық пен билік арасындағы бірегейлік үштассаған мемлекеттік саясат тиімді жүреді.

Елдің ұлттық саяси жүйесі мен саяси мәдениет ерекшеліктері де саяси бірегейлікті анықтайды. Қоғамда қалыптасқан дәстүрлер де халықтың саяси бірегейлігін қалыптастырудан маңызды рөл атқарады. Үкіметтің әлеуметтік қорғауы, елдегі ұлттық бірлік, мемлекеттің саяси субъект ретінде халықты қолдауы саяси бірегейлікке ықпал жасайтындығын да білуіміз керек. Нәсілдік, этникалық қатыстылық пен ұлт саяси бірегейліктің негізгі категориялары. Нәсіл қоғамның қабылдауына сәйкес физикалық немесе әлеуметтік белгілердің жиынтығымен сипатталатын адам популяциясының жүйесі. Адамның

этникалық қатыстылығы табигатта немесе қоғамда өз негізі бар объективті шындық. Үлт ұғымы басым жағдайда жеке адам мен мемлекет арасындағы құқықтық қатынас ретінде анықталып, адамның белгілі бір азаматтыққа жататындығын білдіреді. Бұл категориялардагы ортақ байланыс қоғам, адам, әлеумет, табигат және мемлекет ұғымдарында жатыр.

Саяси бірегейліктің сипаттамаларын түсіндіру мен қалыптастыруды жоғары мектептің орны бөлек. Өйткені жоғары оқу орнындағы қоғамдық пәндер студенттерді демократиялық талаптарға дайындаиды. Бұл тұста жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұғымдары үшін әлеуметтік-саяси білімдер модулінің үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнындағы «Саясаттану» пәнінің қызметі ерекше деп ойлаймыз. Мақаладагы тұжырымдарды пәннің дәрістерінде пайдалануга болатындығын да айтқымыз келеді. Жалпы адамның білім деңгейі саяси бірегейлік шеңберіндегі көзқарастардың дұрыстығы мен сенімін анықтайтын айтқымыз келеді.

Мақалада анықталып отыргандай, саяси бірегейлік көбінесе әлеуметтік өзгерістердің қажеттілігі және жүзеге асуымен тікелей байланысты. Сондықтан адамның жалпы қоғамдағы және түрлі әлеуметтік топтар арасындағы иерархиялық өзгерістерін мақұлдау дәрежесі идеологиялар негізінде жатыр. Алынған нәтижелерге сәйкес адамның өзгерістерге үмтүлу дәрежесі қоғам мүшелерінің ойларын түзеумен тығыз байланысты деп ойлаймыз.

### Әдебиеттер тізімі

1. Chace W.M. The Political identities of Ezra Pound & T.S. Eliot / W.M. Chace. – Stanford: Stanford University Press, 1973. – 238 р.
2. Mackenzie W.J.M. Political identity / W.J.M. Mackenzie. – Manchester: Manchester University Press, 1978. – 185 р.
3. Жаде З.А. Геополитическая идентичность России в условиях глобализации: диссертация доктора политических наук: 23.00.02 / Кубанский государственный университет. – Краснодар, 2007. – 352 с.
4. Суханов В.М. Региональная политическая идентичность в России: теоретический анализ состояния и перспективы: диссертация доктора политических наук: 23.00.01 / Саратовский государственный университет имени Н.Г. Чернышевского. – Саратов, 2009. – 430 с.
5. Старостин А.А. Политическая идентичность граждан постсоветской России: модели и технологии формирования: диссертация кандидата политических наук: 23.00.02 / Северо-Кавказская академия государственной службы. – Ростов-на-Дону, 2010. – 138 с.
6. Семененко И.С. Политическая идентичность и политика идентичности. В двух томах. Т.1: Идентичность как категория политической науки: словарь терминов и понятий / И.С. Семененко. – Москва: Российская политическая энциклопедия (РОССПЭН), 2011. – 208 с.
7. Семененко И.С. Политическая идентичность и политика идентичности. В двух томах. Т.2: Идентичность и социально-политические изменения в XXI веке / И.С. Семененко. – Москва: Российская политическая энциклопедия (РОССПЭН), 2012. – 471 с.
8. Асылтаева Э.Б. Қазақстан қоғамының демократизациялануы контекстіндегі азаматтық бірегейліктің қалыптасу ерекшеліктері: философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация: 6D050200 / әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. – Алматы, 2013. – 142 б.

9. Қапасова А.Р. Ұлт және ұлтшылдық мәселесі: саяси тарихтағы саяси-теориялық талдау // Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Хабарлары. Қоғамдық ғылымдар сериясы. – 2008. – № 5. – 93-99 бб.
10. Абдильдина Х.С. Мемлекеттің тұрақты дамуындағы ұлттық бірегейліктің орны // С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің Ғылым жаршысы. – 2014. – № 1(80). – 30-35 бб.
11. Абдильдина Х., Кульжанова Ж. Мемлекеттің тұрақты дамуындағы ұлттық бірегейліктің орны // әл-Фарағи атындағы Қазақ ұлттық университетінің Хабаршысы. Философия сериясы. Мәдениеттану сериясы. Саясаттану сериясы. – 2017. – № 3(61). – 4-17 бб.
12. Pithouse R.M. Forging new political identities in the Shanty Towns of Durban, South Africa // Historical Materialism. – 2018. – Vol. 26. – No. 2. – P. 178-197.
13. Алонци Р. Политическая идентичность ЕС: новые парадигмы и старые проблемы // Современная Европа. – 2018. – № 6. - С. 142-151.
14. Kahn D.T., Tagar M.R., Halperin E., Bäckström M., Vitriol J.A., Liberman V. If they can't change, why support change? Implicit theories about groups, social dominance orientation and political identity // Journal of Social and Political Psychology. – 2018. – Vol. 6. – No. 1. – P. 151-173.
15. Dodge T. 'Bourdieu goes to Baghdad': Explaining hybrid political identities in Iraq // Journal of Historical Sociology. – 2018. – Vol. 31. – No. 1. – P. 25-38.
16. Popov A.V. What has happened to Ukraine inertial scenario for Ukraine's national and political identity // Russia in Global Affairs. – 2018. – No. 2. – P. 8-35.
17. Brown L, Arriaza Ibarra K. Commemoration, and the expression of political identity // Tourism Management. – 2018. – No. 68. – P. 79-88.
18. Mayer A., Shelley T.O. The dual importance of political identity in environmental governance: The case of oil and gas policy in Colorado // Society and Natural Resources. – 2018. – Vol. 31. – No. 11. – P. 1230-1247.
19. Чугров С.В., Карелова Л.Б. Специфика и основные тренды политической идентичности японцев: по материалам опросов общественного мнения 1998-2019 гг. // Социологический журнал. – 2019. – № 25(4). – С. 38-55.
20. Lluch J.G. Unpacking political identity: race, ethnicity, and nationhood in a Federal political system // Ethnopolitics. – 2019. – Vol. 18. – No. 2. – P. 178-200.
21. Chen S.Y., Urminsky O. The role of causal beliefs in political identity and voting // Cognition. – 2019. – No. 188. – P. 27-38.
22. Meléndez C., Rovira Kaltwasser C. Political identities: The missing link in the study of populism // Party Politics. – 2019. – Vol. 25. – No. 4. – P. 520-533.
23. Saurugger S., Thatcher M. Constructing the EU's political identity in policy making // Comparative European Politics. – 2019. – Vol. 17. – No. 4. – P. 461-476.
24. Fabbrini S. Constructing and de-constructing the European political identity: the contradictory logic of the EU's institutional system // Comparative European Politics. – 2019. – Vol. 17. – No. 4. – P. 477-490.
25. Kui Y. Governance change and political identity in the internet age // Social Sciences in China. – 2019. – Vol. 40. – No. 4. – P. 129-147.
26. Wilkinson A.M. Humanizing creativity and the development of collegiate dancers' political identities // Journal of Dance Education. – 2020. – Vol. 20. – No. 4. – P. 177-188.
27. Звягельская И.Д., Богачева А.С., Давыдов А.А., Ибрагимов И.Э., Самарская Л.М., Свистунова И.А., Сурков Н.Ю. Политическая идентичность и ее влияние на

- внешнюю политику государств Ближнего Востока // Восток (Oriens). – 2020. – № 2. – С. 55-73.
28. Prymush M., Lavrynenko H. Political identity as a security factor of Ukrainian statehood // Przeglad Strategiczny. – 2020. – No. 13. – P. 297-316.
  29. Shehata M. Supportive, transformative, and reverse effects of media on Tunisian diaspora's political identity // Journal of Arab and Muslim Media Research. – 2020. – Vol. 13. – No. 1. – P. 85-103.
  30. Hernández-Lagos P., Minor D. Political identity, and trust // Quarterly Journal of Political Science. – 2020. – Vol. 15. – No. 3. – P. 337-367.
  31. Yang T.-T., Hsung R.-M., Chen S.-H., Du Y.-R., Lin Y.-J., Yen N.-S., Wu C.-T., Liu H.-L. The mechanisms of trust formation under different conditions of political identity: An experiment among Taiwanese voters // Current Sociology. – 2021. – Vol. 69. – No. 6. – P. 879-899.
  32. Saldaña M., McGregor S., Johnson T. Mind the gap! The role of political identity and attitudes in the emergence of belief gaps // International Journal of Public Opinion Research. – 2021. – Vol. 33. – No. 3. – P. 607-625.
  33. Ilovan O.-R. Visual discourse on territorial development and political identities in socialist Romania, in comics for pioneers // Finisterra. – 2021. – Vol. 56. – No. 116. – P. 19-48.
  34. Allen N., Brooks R. Unpacking "Stacking": researching political identity and regime security in armed forces // Armed Forces and Society. – 2022. [Электрон.ресурс]. – 2022. – URL: <https://journals.sagepub.com/doi/10.1177/0095327X211058765> (қолданылған күні: 20.02.2022).
  35. Lovejoy N. Ambiguity of divine and royal portraiture and the Hiyawan image of Kingship: Political Identity through the monuments of ÇINEKÖY and KARATEPE // Bulletin of ASOR. – 2022. [Электрон.ресурс]. – 2022. – URL: <https://www.journals.uchicago.edu/doi/10.1086/719049> (қолданылған күні: 20.02.2022).

**М.О. Насимов**

*Кызылординский университет "Болашак", Кызылорда, Казахстан*

### **Современные подходы к изучению характеристик политической идентичности**

**Аннотация.** В статье представлен литературный обзор и анализ характеристик политической идентичности. В ходе исследования выявлено, что отечественные ученые не в полном объеме исследовали понятие политической идентичности. Установлено, что исследования проводились в рамках других видов идентичности. Чтобы восполнить этот пробел, в этой статье мы остановились на характеристике данной понятий. Для этого мы проанализировали статьи, индексированных в базе данных «Scopus». Из 2 798 материалов, найденных в базе данных, мы отобрали 24 публикации. Особое внимание было уделено исследованиям, опубликованным в 2018-2022 годах. Научные результаты могут быть эффективно использованы для развития отечественной политической науки. Также подходит для проведения лекций по предмету «Политология» в модуле социально-политических знаний в вузах.

**Ключевые слова:** политическая идентичность, политика, народ, идеология, культура, средства массовой информации, государственность.

### **Modern approaches to the study of the characteristics of political identity**

**Abstract.** The article presents a literature review and analysis of the characteristics of political identity. The study revealed that domestic scientists have not fully explored the concept of political identity. It is established that the research was carried out within the framework of other types of identity. To fill this gap, in this article we have focused on the characteristics of these concepts. To do this, we analyzed the articles indexed in Scopus. From the 2 798 materials found in the database, we selected 24 publications. Particular attention was paid to studies published in 2018-2022. Scientific results can be effectively used for the development of domestic political science. Also, suitable for conducting lectures on the subject «Political Science» in the module of socio-political knowledge at universities.

**Keywords:** political identity, politics, people, ideology, culture, mass media, statehood.

### **References**

1. Chace W.M. The Political identities of Ezra Pound & T.S. Eliot, (Stanford University Press, 1973, 238 p.).
2. Mackenzie W.J.M. Political identity, (Manchester University Press, 1978, 185 p.).
3. Zhade Z.A. Geopoliticheskaja identichnost' Rossii v uslovijah globalizacii: dissertacija doktora politicheskikh nauk [Geopolitical identity of Russia in the context of globalization: doctoral dissertation of Political Sciences]. 23.00.02. Kuban State University. Krasnodar, 2007. 352 p., [in Russian].
4. Sukhanov V.M. Regional'naja politicheskaja identichnost' v Rossii: teoreticheskij analiz sostojaniya i perspektivy: dissertacija doktora politicheskikh nauk [Regional political identity in Russia: A theoretical analysis of the state and prospects: doctoral dissertation of Political Sciences]. 23.00.01. Saratov State University named after N.G. Chernyshevsky. Saratov, 2009. 430 p., [in Russian].
5. Starostin A.A. Politicheskaja identichnost' grazhdan postsovetskoy Rossii: modeli i tehnologii formirovaniya: dissertacija kandidata politicheskikh nauk [Political identity of citizens of Post-Soviet Russia: Models and technologies of formation: candidate dissertation of Political Sciences]. 23.00.02. North Caucasian Academy of Public Administration. Rostov-on-Don, 2010. 138 p., [in Russian].
6. Semenenko I.S. Politicheskaja identichnost' i politika identichnosti [Political identity and identity politics], in two volumes. T.1: Identichnost' kak kategorija politicheskoj nauki: slovar' terminov i ponjatiy [Identity as a category of political science: a dictionary of terms and concepts], (Russian Political Encyclopedia (ROSSPEN), Moscow, 2011, 208 p.), [in Russian].
7. Semenenko I.S. Politicheskaja identichnost' i politika identichnosti [Political identity and identity politics], in two volumes. T.2: Identichnost' i social'no-politicheskie izmenenija v XXI veke [Identity and socio-political changes in the 21st century], (Russian Political Encyclopedia (ROSSPEN), Moscow, 2012, 471 p.), [in Russian].

8. Asyltayeva E.B. Qazaqstan kogamynyn demokratizacijalanuy kontekstindegi azamattyk biregejliktin kalyptasu erekshelikteri: filosofija doktry (PhD) gylymi darezhesin alu ushin dajyndalgan dissertacija [Features of the formation of civic identity in the context of democratization of Kazakhstan society: dissertation for the degree of Doctor of Philosophy (PhD)]. 6D050200. Al-Farabi Kazakh National University. Almaty, 2013. 142 p., [in Kazakh].
9. Kapasova A.R. Ult zhane ultshyldyk maselesi: sajas tarihtagy sajas-teorijalyk taldau [The problem of nation and nationalism: a political-theoretical analysis of political history], Qazaqstan Respublikasy Ultyk gylym akademijasynyn Habarlarly, Kogamdyk gyllymdar serijasy [News of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Social Sciences Series.]. 2008. No. 5. P. 93-99, [in Kazakh].
10. Abdildina H.S. Memlekettin turakty damuyndagы ulttyk biregejliktin orny [The place of national unity in the sustainable development of the state], S. Sejfullin atyndagy Qazaq agrotehnikalik universitetinin Gylym zharshysy [Bulletin of Science of the S.Seifullin Kazakh Agrotechnical University]. 2014. Vol. 1. No. 80. P. 30-35, [in Kazakh].
11. Abdildina H., Kulzhanova Zh. Memlekettin turakty damuyndagы ulttyk biregejliktin orny [The place of national unity in the sustainable development of the state], al-Farabi atyndagy Qazaq ulttyk universitetinin Habarshysy. Filosofija serijasy. Madeniettanu serijasy. Sajasattanu serijasy [Journal. Philosophy series. Culutral science series. Political science series]. 2017. Vol. 3. No. 61. P. 4-17, [in Kazakh].
12. Pithouse R.M. Forging new political identities in the Shanty Towns of Durban, South Africa, Historical Materialism. 2018. Vol. 26. No. 2. P. 178-197.
13. Alonzi R. Politicheskaja identichnost' ES: novye paradigmy i starye problemy [EU political identity: New paradigms, old problems], Sovremennaja Evropa [Contemporary Europe]. 2018. No. 6. P. 145-151, [in Russian].
14. Kahn D.T., Tagar M.R., Halperin E., Bäckström M., Vitriol J.A., Liberman V. If they can't change, why support change? Implicit theories about groups, social dominance orientation and political identity, Journal of Social and Political Psychology. 2018. Vol. 6. No. 1. P. 151-173.
15. Dodge T. 'Bourdieu goes to Baghdad': Explaining hybrid political identities in Iraq, Journal of Historical Sociology. 2018. Vol. 31. No. 1. P. 25-38.
16. Popov A.V. What has happened to Ukraine inertial scenario for Ukraine's national and political identity, Russia in Global Affairs. 2018. No. 2. P. 8-35.
17. Brown L, Arriaza Ibarra K. Commemoration and the expression of political identity, Tourism Management. 2018. No. 68. P. 79-88.
18. Mayer A., Shelley T.O. The dual importance of political identity in environmental governance: The case of oil and gas policy in Colorado, Society and Natural Resources. 2018. Vol. 31. No. 11. P. 1230-1247.
19. Chugrov S.V., Karellova L.B. Specifika i osnovnye trendy politicheskoy identichnosti japoncev: po materialam oprosov obshhestvennogo mnjenija 1998-2019 gg. [The profile and major trends of Japanese political identity: Evidence from 1998–2019 sociological surveys], Sotsiologicheskiy Zhurnal [Sociological Journal]. 2019. Vol. 25. No. 4. P. 38-55, [in Russian].
20. Lluch J.G. Unpacking political identity: race, ethnicity, and nationhood in a Federal political system, Ethnopolitics. 2019. Vol. 18. No. 2. P. 178-200.

- 21.Chen S.Y., Urminsky O. The role of causal beliefs in political identity and voting, *Cognition*. 2019. No. 188. P. 27-38.
- 22.Meléndez C., Rovira Kaltwasser C. Political identities: The missing link in the study of populism, *Party Politics*. 2019. Vol. 25. No. 4. P. 520-533.
- 23.Saurugger S., Thatcher M. Constructing the EU's political identity in policy making, *Comparative European Politics*. 2019. Vol. 17. No. 4. P. 461-476.
- 24.Fabbrini S. Constructing and de-constructing the European political identity: the contradictory logic of the EU's institutional system, *Comparative European Politics*. 2019. Vol. 17. No. 4. P. 477-490.
- 25.Kui Y. Governance change and political identity in the internet age, *Social Sciences in China*. 2019. Vol. 40. No. 4. P. 129-147.
- 26.Wilkinson A.M. Humanizing creativity and the development of collegiate dancers' political identities, *Journal of Dance Education*. 2020. Vol. 20. No. 4. P. 177-188.
- 27.Zvyagelskaya I.D., Bogacheva A.S., Davydov A.A., Ibragimov I.E., Samarskaia L.M., Svistunova I.A., Surkov N.Y. Politicheskaja identichnost' i ee vlijanie na vneshnjuju politiku gosudarstv Blizhnego Vostoka [Political identity and its impact on the foreign policy of the states of the Middle East], *Vostok (Oriens)*. 2020. No. 2. P. 55-73, [in Russian].
- 28.Prymush M., Lavrynenko H. Political identity as a security factor of Ukrainian statehood, *Przeglad Strategiczny*. 2020. No. 13. P. 297-316.
- 29.Shehata M. Supportive, transformative, and reverse effects of media on Tunisian diaspora's political identity, *Journal of Arab and Muslim Media Research*. 2020. Vol. 13. No. 1. P. 85-103.
- 30.Hernández-Lagos P., Minor D. Political identity and trust, *Quarterly Journal of Political Science*. 2020. Vol. 15. No. 3. P. 337-367.
- 31.Yang T.-T., Hsung R.-M., Chen S.-H., Du Y.-R., Lin Y.-J., Yen N.-S., Wu C.-T., Liu H.-L. The mechanisms of trust formation under different conditions of political identity: An experiment among Taiwanese voters, *Current Sociology*. 2021. Vol. 69. No. 6. P. 879-899.
- 32.Saldaña M., McGregor S., Johnson T. Mind the gap! The role of political identity and attitudes in the emergence of belief gaps, *International Journal of Public Opinion Research*. 2021. Vol. 33. No. 3. P. 607-625.
- 33.Ilovan O.-R. Visual discourse on territorial development and political identities in socialist Romania, in comics for pioneers, *Finisterra*. 2021. Vol. 56. No. 116. P. 19-48.
- 34.Allen N., Brooks R. Unpacking "Stacking": researching political identity and regime security in armed forces, *Armed Forces and Society*. Available at: <https://journals.sagepub.com/doi/10.1177/0095327X211058765> (accessed 20.02.2022).
- 35.Lovejoy N. Ambiguity of divine and royal portraiture and the Hiyawan image of Kingship: Political Identity through the monuments of ÇİNEKÖY and KARATEPE, *Bulletin of ASOR*. Available at: <https://www.journals.uchicago.edu/doi/10.1086/719049> (accessed 20.02.2022).

*Акторлар туралы мәлімет:*

*Насимов Мұрат Өрленбайұлы – саяси ғылымдар кандидаты, Қызылорда «Болашақ» университеті, Қызылорда, Қазақстан.*

*Nasimov Murat Orlenbaiuly – Candidate of Political Sciences, Kyzylorda "Bolashak" University, Kyzylorda, Kazakhstan.*

V.Yu. Slavetsky, K.O. Bekeshev, A.K. Satpayev\*

A. Myrzakhetov Kokshetau University, Kokshetau, Kazakhstan  
\*Corresponding author: placidodomingo123@gmail.com

## Some aspects of «Color revolutions» and soft power

**Abstract.** The article is devoted to such a phenomenon of the modern political space as the «color revolution», one of the effective and frequently used methods of realizing their foreign policy and economic interests by certain elite groups on the world stage. The purpose of the article is to determine the functional role of soft power, in the directions from its participation in the formation of protest potential, to the main trends of further development. As a result, the article makes certain predictions about the directions of possible modernization and the conditions that cause this kind of development of events. During the analysis, the authors came to the conclusion that the main participants in the political confrontation on the world stage in the near future will actively improve the technology of color revolutions and methods of counteraction, strengthening their constant application in practice. Thus, they are involved in a kind of «arms race» in the format of non-armed pressure on a foreign policy opponent.

**Keywords:** «color revolution», «soft power», «protests», «escalation of tension», «information field».

---

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6887/2022-139-2-93-100>

Received: 25.03.2022 / Accepted: 26.04.2022

### Introduction

Nowadays, it is no secret to anyone that the «color revolutions» have become one of the main problems of the political development of the post-Soviet states. Kyrgyzstan, Georgia, Moldova and Ukraine, this is not a complete list of countries where these revolutionary events took place. The problematic nature of the «color revolutions», rejecting any form of ideological approaches, stems not only from their implementation, but also from the consequences that they bring with them and leave behind. Despite the certain prescription of such events in the countries we have listed, the echoes are still traced in many moments and have their impact.

Of course, the political elites of many countries of the world, with the expert and scientific community, are working on the development of means to prevent and counteract «color revolutions» in their countries. Currently, the work of this plan is at an initial stage and serious progress in this direction has not been achieved. At the same time, the unfolding events in the world political arena are increasingly pushing for the acceleration of work.

The article presents the results of the analysis of some aspects of the «color revolutions» as a process within the framework of prevention and counteraction. The goal is to determine the involvement, provision, and participation of Soft power elements in the processes of the «color revolutions». The article is one of the attempts in the Republic of Kazakhstan to analyze and form certain elements of a theoretical model to prevent destructive phenomena in the republic, which determines the novelty of the study.

### Methods

The paper uses such theoretical methods as comparative, structural-functional analysis, and inductive-deductive analysis. Structural and functional analysis was used in determining the

necessary elements of «color revolutions» as a process in which soft power is present and ensures the course of the «revolutionary» events themselves and their impact on the surrounding reality.

## Discussion

The modern conditions of our social development have significantly changed the political reality, where political elements take on dominant roles, even in the recent past at the beginning of the XXI century, which were not taken seriously not only by political elites but also by expert and scientific communities. One of these elements is the «color revolutions» with all the accompanying factors and manifestations. The complexity and ambiguity of the political phenomenon, we are considering, have formed an ambiguous attitude towards it in the world community. Putting aside any ideological, social, and cultural bias, we can highly confidently determine several basic attitudes around the issue we are considering. Firstly, the «color revolutions» are the reality of modern politics. Secondly, the «color revolutions» are an effective tool for the implementation of foreign and domestic political goals. Thirdly, the «color revolutions» are a force to be reckoned with.

In the XX century, there was a significant revolution in the principles of such a political phenomenon as revolution. These changes went in the direction of forceful influence on the authorities to non-forceful. Early forceful influence on the existing government automatically determined the form of counteraction to it, that is, armed suppression. Relying on the classic revolutionary achievements of V. I. Lenin, we can say that the revolutionaries formed armed detachments to seize strategic points and arrest the current government. At the same time, it should be noted that revolutionary detachments are rarely inferior to government forces in terms of armament, and in the case of the English bourgeois revolution of the XVII century, Cromwell's cavalry, the so-called «Ironside», surpassed the cavalry of Charles I in certain parameters of equipment and armament [1].

Modern revolutionary actions do not imply the use of detachments of armed men and open forceful influence on the authorities. This, in turn, also deprives state structures of the possibility of forceful suppression of ongoing processes.

Unarmed opposition to the authorities seems to deprive government forces of superior equipment, nullifying their potential. And given the initial numerical superiority of the protesters, the chances of the government confronting them are not great from the outset.

At the same time, as the protests begin, many other processes begin to take place which forms a kind of aura around the speech itself. Today in the world there are very few examples of successful opposition of the authorities to «color revolutions». This is primarily the case in Venezuela [2], and Belarus. These successes have been achieved through external efforts and support, but there are political costs that should always be avoided. That makes the creation of technologies for the prevention and counteraction of «color revolutions» very topical.

Analyzing the events in Kyrgyzstan and Ukraine in 2014, as well as in Moldova, we have concluded that one of the main elements of the power of the «color revolution» process is soft power. It is the «soft power» that is the main basis of the formation of a completely new principle of influence and struggles against the existing authority. Many can answer what can be done without weapons against tanks and machine guns and dictatorial will, and in return, we can turn everyone's attention to Libya.

Initially, the concept of «soft power» in political science and politics was introduced as a definition of new principles for the implementation of political actions based on the non-force principle. The founder of the theory of «soft power» Joseph Nai in his work has made it quite clear that the power of «soft power» lies in its comprehensiveness and not in concentration [3]. No concentration of the source, which means no pre-emptive or retaliatory strike is possible. It will

simply sink into the rarity of its substance at best, and in the event of an undesirable development of events may lead to negative consequences. Despite all the controversy about the actions of snipers on the maidan, it is they that demonstrate the destructive effect of the force in a non-force system.

«Soft power», even though the skepticism of many politicians in protest and revolutionary events manifests itself in several key moments, prepared in advance or arising spontaneously during events themselves. One of the main manifestations of «soft power» in protest and revolutionary events is the information background. First, in practical terms, it manifests itself in the mass distrust of the population by official sources of information. Public distrust of information from the authorities makes it much more difficult to resist protest actions and sentiments.

In such a situation, rumors, unconfirmed information, and conjectures have fertile ground for spreading, which only increases the disorganization of society and its moods. First, social danger comes from panic moods and actions due to the total distrust of information and actions emanating from power structures. Of course, the formation of the parameter of society's distrust of the government and its information is a very long and complex process. It arises long before the events themselves and has at least three stages of its development in the information field.

According to several parameters, this is a certain political and information technology and a controlled action, which initially reflects that this process is an act of some interesting country. In the first stage, in the information field of society and the state, alternative sources of information appear, as it were, that present and interpret current events and news from a completely different angle and point of view. At the same time, depending on the characteristics of society, two types of alternative sources can be distinguished: foreign and domestic. With a strict system of state regulation of the information field, foreign alternative sources initially appear (for example, «radio freedom» for the Soviet Union).

43. United Nations, “United Nations Conference on Trade and Development :The contribution of tourism to trade and development”, Available at: [https://unctad.org/en/Docs/cid8\\_en.pdf](https://unctad.org/en/Docs/cid8_en.pdf), (accessed 13.11.2021).
44. World Economic Forum, “The Travel & Tourism Competitiveness Report 2019: Travel and Tourism at a Tipping Point”, Available at: [http://www3.weforum.org/docs/WEF\\_TTCR\\_2019.pdf](http://www3.weforum.org/docs/WEF_TTCR_2019.pdf), (accessed 13.11.2021).
45. World Heritage Convention, and United Nations Educational, Scientific and Cultural Organization, " policy guidelines:Defining The Relationship Between World Heritage And Sustainable Tourism”, Available at: <https://whc.unesco.org/document/137363> (accessed 13.11.2021).
46. World Tourism Organization (UNWTO) (2015), “7th UNWTO International Meeting on Silk Road Tourism & 1st Tourism Ministerial Meeting of Countries along the Silk Road Economic Belt”, Available at: [https://webunwto.s3.eu-west-1.amazonaws.com/imported\\_images/42931/7thunwtointernationalmeetingprogramme.1206.pdf](https://webunwto.s3.eu-west-1.amazonaws.com/imported_images/42931/7thunwtointernationalmeetingprogramme.1206.pdf), (accessed 13.11.2021).
47. World Tourism Organization (UNWTO), “António Guterres: Video Message To The Executive Council Of The World Tourism Organization”, Available at: <https://www.unwto.org/antonio-guterres-video-message-to-the-executive-council-of-the-world-tourism-organization>, (accessed 13.11.2021).
48. World Tourism Organization (UNWTO), “1st Tourism Ministerial Meeting of Countries along the Silk Road Economic Belt”, Available at: [https://webunwto.s3.eu-west-1.amazonaws.com/imported\\_images/42931/minutes\\_unwto\\_xian\\_silk\\_road\\_meeting\\_0.pdf](https://webunwto.s3.eu-west-1.amazonaws.com/imported_images/42931/minutes_unwto_xian_silk_road_meeting_0.pdf), (accessed 13.11.2021).
49. World Tourism Organization(UNWTO), “Silk Road Tourism Ministers Commit To Travel Facilitation And Closer Marketing Cooperation”, Available at: <https://www.unwto.org/archive/asia/press-release/2015-06-25/silk-road-tourism-ministers-commit-travel-facilitation-and-closer-marketing>, (accessed 13.11.2021).
50. World Tourism Organization(UNWTO), “Xi'an Initiative Tourism Ministerial Meeting of Countries along the Silk Road Economic Belt 19 June 2015” Available at: [https://webunwto.s3.eu-west-1.amazonaws.com/imported\\_images/42931/sreb\\_meeting\\_xian\\_initiative.pdf](https://webunwto.s3.eu-west-1.amazonaws.com/imported_images/42931/sreb_meeting_xian_initiative.pdf), (accessed 13.11.2021).
51. World Tourism Organization(UNWTO), “International Tourism Highlights”, Available at: International Tourism Highlights, 2019 Edition ([e-unwto.org](http://e-unwto.org)), (accessed 13.11.2021).

**М. Шайган, М. Тишехъяр**

*Алламе Табатабаи, университеті, Тегеран, Иран*

**«Бір белдеу және бір жол» бастамасы шеңберінде туризм саудасы саласындағы  
үшжақты ынтымақтастық**

**Аннотация.** "Жібек жолының экономикалық белдеуі" және "21 ғасырдағы Теніз Жібек жолы" ежелгі Жібек жолын жаңғыруту және оның бойындағы елдерді біріктіру бойынша көп деңгейлі және күрделі Қытай желісінің бөлігі болып табылады. Бұғынгі таңда туризм индустриясы елдердің экономикалық өсіі мен әл-ауқатын жақсартуда маңызды рөл атқарады, сонымен қатар жаһандық трансформацияға, интеграцияға және мәдени реформаларға ерекше әсер етеді. БРИ тек көлік желісі ғана емес, сонымен қатар мәдени, саяси аспектілерді қамтиды және достыққа, бейбітшілікке, ынтымақтастыққа, өзара түсіністікке және пайдада назар аударады. 2015 жылдан бастап Қытай "Жібек жолы" бойында интеграцияланған туристік нарық құруды" үсінде отырып, БРИ шеңберінде туризм саудасына байыпты қарайды.

Қытай мен Иран, жүргегінде көптеген тарихи және мәдени қазыналары бар ежелгі екі Азия елі, соңдай-ақ экономикалық артықшылықтары мен қауіпсіздік артықшылықтары бар жаңа Тәуелсіз Қазақстан Республикасы БРИ жобасы аясында, соның ішінде туризм саласында ауқымды экономикалық және мәдени бағдарламаларды жүзеге асыра алады.

Бұл жұмыстың мақсаты Иранға қарсы барлық экономикалық және саяси шектеулерге, орасан зор санкцияларға қарамастан, "Белдеу және жол" бастамасы шеңберінде Иран, Қазақстан және Қытай арасындағы үш жакты сауда туристік ынтымақтастығын зерделеу болып табылады. Нақтырақ айтсақ, Иран Қазақстанмен қатар осы маңызды проблемаларды енсеруге және Қытайдың қолдауымен БРИ көлеңкесінде өз ынтымақтастығын көңейтүте мүмкіндік алады.

**Түйін сөздер:** мәдени және экономикалық өмір, Каспий теңізі, круиз индустриясы, жаңа Жібек жолы, туризмді дамыту, туристік арна.

**М. Шайган, М. Тишехъяр**

*Университет Алламе Табатабаи, Тегеран, Иран*

**Трехстороннее сотрудничество в области торговли туризмом в рамках  
инициативы "Один пояс, один путь"**

**Аннотация.** "Экономический пояс Шелкового пути" и "Морской Шелковый путь 21 века" являются частью многоуровневой и сложной китайской сети по возрождению

древнего Шелкового пути и воссоединению стран вдоль него и других. Сегодня индустрия туризма играет заметную роль в улучшении экономического роста и благосостояния стран, а также оказывает выдающееся влияние на глобальную трансформацию, интеграцию и культурные реформы. БРИ - это не просто транспортная сеть, она также содержит культурные, политические аспекты и делает акцент на дружбе, мире, сотрудничестве, взаимопонимании и выгоде. С 2015 года Китай серьезно относится к торговле туризмом в рамках БРИ, предлагая "Создание интегрированного туристического рынка вдоль Шелкового пути". Китай и Иран, две древние азиатские страны с огромным количеством исторических и культурных сокровищ в сердце, а также новая независимая Республика Казахстан, обладающая экономическими преимуществами и преимуществами в области безопасности, могут реализовать масштабные экономико-культурные программы в рамках проекта БРИ, в том числе в сфере туризма. Целью данной работы является изучение трехстороннего торгового туристического сотрудничества между Ираном, Казахстаном и Китаем в рамках инициативы "Пояс и путь", несмотря на все экономические и политические ограничения, огромные санкции против Ирана. Более конкретно, Иран, наряду с Казахстаном, имеет возможность преодолеть кучу этих существенных проблем и расширить свое сотрудничество в тени БРИ, при поддержке Китая.

**Ключевые слова:** Культурная и экономическая жизнь, Каспийское море, круизная индустрия, Новый Шелковый путь, развитие туризма, туристический канал.

## References

1. Astana Times "Kazakhstan to attract tourists from Russia and China", Available at: <https://astanatimes.com/2018/01/kazakhstan-to-attract-tourists-from-russia-and-china/>, (accessed 14.05.2021).
2. Belt and Road Initiative, "Belt and Road Initiative", Available at: <https://www.beltroad-initiative.com/belt-and-road/>, (accessed 15.06.2021).
3. Butowski Leszek. Mobilities, Tourism and Travel Behavior: Contexts and Boundaries / Butowski Leszek. – Poland: IntechOpen, 2018. – 125 p.
4. China's Government. "Action plan on the Belt and Road Initiative", Available at: [http://english.www.gov.cn/archive/publications/2015/03/30/content\\_281475080249035.htm](http://english.www.gov.cn/archive/publications/2015/03/30/content_281475080249035.htm), (accessed 15.06.2021).
5. cis-legislation, "Order of The Government of The Republic Of Kazakhstan", Available at: [cis-legislation.com](http://cis-legislation.com), (accessed 18.05.2021).
6. Criticalthreats, "Iran News Round Up", Available at: <https://www.criticalthreats.org/briefs/iran-news-round-up/iran-news-round-up-january-25-2016-1>, (accessed 13.11.2021).
7. Dingle David, "Contribution of Cruise Tourism to the Economies of Europe 2017", Available at: [cruising.org](http://cruising.org), (accessed 13.11.2021).
8. Donya-e-Eqtesad, "Top 10 tourist destinations in the world", Available at: <https://www.donya-e-eqtesad.com/fa/tiny/news-3606597>, (accessed 13.11.2021).

9. Duval David Timothy, Tourism and Transport: Modes, Networks, and Flows / Duval David Timothy. – London: Channel View Publications, 2018. – 100 p.
10. Elliott James. Tourism: Politics and Public Sector Management / Elliott James. – New York: Routledge, 2011. – 110 p.
11. European Parliament, "Fact Sheets on the European Union", Available at: <https://www.europarl.europa.eu/factsheets/en/sheet/126/tourism>, (accessed 13.11.2021).
12. farsnews, "China's Road Belt Initiative and its Impact on the National Interests of the Islamic Republic of Iran", Available at: China's Road Belt Initiative and its Impact on the National Interests of the Islamic Republic of Iran (accessed 13.11.2021).
13. Glukhovtsev Igor, Yermekbayeva Lyailya "Integrating Biodiversity into the Tourism Sector: Best Practice and Country Case Studies Kazakhstan", Public Centre on Conservation of Biological Diversity. Available at: [https://kipdf.com/biodiversity-planning-support-programme-bpsp-integrating-biodiversity-into-the-t\\_5afb62ed8ead0ee8038b45ed.html](https://kipdf.com/biodiversity-planning-support-programme-bpsp-integrating-biodiversity-into-the-t_5afb62ed8ead0ee8038b45ed.html) (accessed 13.11.2021).
14. Green Belt and Road Initiative Center, "Countries of the Belt and Road Initiative (BRI)", Available at: [green-bri.org](http://green-bri.org)), (accessed 13.11.2021).
15. International Council on Monuments and Sites (ICOMOS) "International Cultural Tourism Charter Managing Tourism At Places Of Heritage Significance", Available at: [https://www.icomos.org/charters/tourism\\_e.pdf](https://www.icomos.org/charters/tourism_e.pdf), (accessed 13.11.2021).
16. Isna, "Iran's main trading partners during the Corona era", Available at: Iran's main trading partners during the Corona era - ISNA, (accessed 13.11.2021).
17. Jack Gavin, Phipps Alison, Tourism and Intercultural Exchange, Why Tourism Matters / Jack Gavin, Phipps Alison. – Toronto: Channel View Publications, 2020. – 100 p.
18. Lotfi Khachaki, Behnam, "Tourism as an industry", Strategy of Qom Campus Association, University of Tehran. – 2020. – No. 2. – P. 173.
19. Khodagholipor, Alireza, "Belt Initiative - China Way and its Impact on the National Interests of the Islamic Republic of Iran", Ministry of Science. – 2017. – No.1. – P. 17-49.
20. Koolaee Elaheh, Goudarzi, Mahnaz, Caspian Sea; Challenges and Prospects / Koolaee Elaheh. – Tehran: Mizan, 2018. – 225 p.
21. Laruelle Marlène, China's Belt and Road Initiative and Its Impact in Central Asia / Laruelle Marlène. – Washington: The George Washington University, 2018. – 110 p.
22. Legal information system of Regulatory Legal Acts of the Republic of Kazakhstan, "On approval of the Concept of Tourism industry development of the Republic of Kazakhstan until 2023", Available at: [zan.kz](http://zan.kz)), (accessed 13.11.2021).
23. Leuterio. Florida C., Introduction to Tourism' 2007 Ed., – Philippines: Rex Bookstore, Inc, 2007. – 115 p.
24. Lotfi Khachaki Behnam, "Tourism as an industry". – 2008. – No.2. – P. 171-206.
25. Medtourpress, "Iran's small share in attracting Chinese tourists", Available at: <https://medtourpress.ir/%d8%a2%d9%85%d8%a7%d8%b1-%da%af%d8%b1%d8%af%d8%b4%da%af%d8%b1%d8%a7%d9%86-%da%86%db%8c%d9%86%db%8c-%d8%af%d8%b1-%d8%a7%d8%b1%d8%a7%d9%86/>, (accessed 13.11.2021).

26. Mehrnews, "National and global registration of 771 historical and natural monuments in Mazandaran", Available at: National and global registration of 771 historical and natural monuments in Mazandaran - Mehr news agency | Iran & world news | Mehr News Agency, (accessed 13.11.2021).
27. Ministry of Cultural Heritage, Tourism and Handicrafts of Gilan (2021), "12 historical monuments of Gilan province registered in the national monuments list+ details" Available at: <https://partonews.ir/en/wing-handicrafts-museums-in-gilan-tourism-wing/>, (accessed 13.11.2021).
28. Ministry of Cultural Heritage, Tourism, and Handicrafts, "The History of Cultural Heritage in Iran", Available at: mcth.ir, (accessed 13.11.2021).
29. Office of the Leading Group for the Belt and Road Initiative, "Building the Belt and Road: Concept, Practice and China's Contribution", Foreign Languages Press .– 2017 – P. 11.
30. Office of the Leading Group for the Promotion of the Belt and Road Construction, "Build the Belt and Road Initiative: Progress, Contribution and Prospects", Available at: Build the Belt and Road Initiative: Progress, Contribution and Prospects - XinhuaNet, (accessed 13.11.2021).
31. Osiewicz Przemysław, "The Belt and Road Initiative (BRI): Implications for Iran-china Relations", Przegląd Strategiczny. – 2018. – P. 221-232.
32. Parkhomchik Lidiya, Simsek Hayal Ayca, Kanapiyanova Zhuldyz, Issayeva, Meiramgul, "Kazakhstan – Uzbekistan – Turkmenistan – Iran – Oman International Transport and Transit Corridor", Available at: ayu.edu.tr, (accessed 13.11.2021).
33. Policyforum, "Kazakhstan: a growing rail hub", Available at: Kazakhstan: a growing rail hub - Policy Forum, (accessed 13.11.2021).
34. Presidential Information Center, "Full Text of the Statement of the Comprehensive Strategic Partnership of the Islamic Republic of Iran and the People's Republic of China", Available at: <https://www.president.ir/fa/91433>, (accessed 13.11.2021).
35. Railwaypro, "Kazakhstan to build railway line from Chinese border to Aktau seaport" Available at: <https://www.railwaypro.com/wp/kazakhstan-to-build-railway-line-from-chinese-border-to-aktau-seaport/>, (accessed 13.11.2021).
36. Russian News Agency (TASS), "Railway line linking Kazakhstan and Turkmenistan to Iran opened", Available at: Railway line linking Kazakhstan and Turkmenistan to Iran opened - World - TASS, (accessed 13.11.2021).
37. Tasnimnews, "Facilitating road, rail and air lines of the Silk Road", Available at: <https://tn.ai/1055490>, (accessed 13.11.2021).
38. Tehran Chamber of Commerce, Industries, Mines and Agriculture, "A review of the state of the tourism industry and the role of the private sector", Available at: <http://tccim.ir/images/Docs/EcoReport109.pdf>, (accessed 13.11.2021).
39. The Ministry of Tourism and Sport of the Republic of Kazakhstan, "About Kazakhstan. Towns / Aktau", Available at: isd.kz, (accessed 13.11.2021).
40. The National Development and Reform Commission, Ministry of Foreign Affairs, Ministry of Commerce of the People's Republic of China, State Council authorization (2015), "(Vision and Actions on Jointly Building Silk Road Economic Belt and 21st-

- Century Maritime Silk Road”, Available at:  
<https://research.hktdc.com/en/article/MzYzMDEwMjU0>, (accessed 13.11.2021).
41. The Organisation for Economic Cooperation and Development (OECD), OECD Tourism Trends and Policies 2020: Kazakhstan”, Available at: [oecd-ilibrary.org](http://oecd-ilibrary.org), (accessed 13.11.2021).
  42. Travelchinaguide “2019 China Tourism Facts & Figures: 2019 China Tourism Statistics”, Available at: <https://www.travelchinaguide.com/tourism/2019statistics/>, (accessed 13.11.2021).
  43. United Nations, “United Nations Conference on Trade and Development :The contribution of tourism to trade and development”, Available at: [https://unctad.org/en/Docs/cid8\\_en.pdf](https://unctad.org/en/Docs/cid8_en.pdf), (accessed 13.11.2021).
  44. World Economic Forum, “The Travel & Tourism Competitiveness Report 2019: Travel and Tourism at a Tipping Point”, Available at: [http://www3.weforum.org/docs/WEF\\_TTCR\\_2019.pdf](http://www3.weforum.org/docs/WEF_TTCR_2019.pdf), (accessed 13.11.2021).
  45. World Heritage Convention, and United Nations Educational, Scientific and Cultural Organization, " policy guidelines:Defining The Relationship Between World Heritage And Sustainable Tourism”, Available at: <https://whc.unesco.org/document/137363> (accessed 13.11.2021).
  46. World Tourism Organization (UNWTO) (2015), “7th UNWTO International Meeting on Silk Road Tourism & 1st Tourism Ministerial Meeting of Countries along the Silk Road Economic Belt”, Available at: [https://webunwto.s3.eu-west-1.amazonaws.com/imported\\_images/42931/7thunwtointernationalmeetingprogramme.1206.pdf](https://webunwto.s3.eu-west-1.amazonaws.com/imported_images/42931/7thunwtointernationalmeetingprogramme.1206.pdf), (accessed 13.11.2021).
  47. World Tourism Organization (UNWTO), “António Guterres: Video Message To The Executive Council Of The World Tourism Organization”, Available at: <https://www.unwto.org/antonio-guterres-video-message-to-the-executive-council-of-the-world-tourism-organization>, (accessed 13.11.2021).
  48. World Tourism Organization (UNWTO), “1st Tourism Ministerial Meeting of Countries along the Silk Road Economic Belt”, Available at: [https://webunwto.s3.eu-west-1.amazonaws.com/imported\\_images/42931/minutes\\_unwto\\_xian\\_silk\\_road\\_meeting\\_0.pdf](https://webunwto.s3.eu-west-1.amazonaws.com/imported_images/42931/minutes_unwto_xian_silk_road_meeting_0.pdf), (accessed 13.11.2021).
  49. World Tourism Organization(UNWTO), “Silk Road Tourism Ministers Commit To Travel Facilitation And Closer Marketing Cooperation”, Available at: <https://www.unwto.org/archive/asia/press-release/2015-06-25/silk-road-tourism-ministers-commit-travel-facilitation-and-closer-marketing>, (accessed 13.11.2021).
  50. World Tourism Organization(UNWTO), “Xi'an Initiative Tourism Ministerial Meeting of Countries along the Silk Road Economic Belt 19 June 2015” Available at: [https://webunwto.s3.eu-west-1.amazonaws.com/imported\\_images/42931/sreb\\_meeting\\_xian\\_initiative.pdf](https://webunwto.s3.eu-west-1.amazonaws.com/imported_images/42931/sreb_meeting_xian_initiative.pdf), (accessed 13.11.2021).
  51. World Tourism Organization(UNWTO), “International Tourism Highlights”, Available at: International Tourism Highlights, 2019 Edition ([e-unwto.org](http://e-unwto.org)), (accessed 13.11.2021).

*Information about the author:*

*Shayegan Maryam* – Master Student in Regional Studies (Central Asia and Caucasus) at Allameh Tabataba'i University, Tehran, Iran.

*Mandana Tishehyar* – Ph.D. in International Studies, Jawaharlal Nehru University, India & Faculty member in ECO College, Allameh Tabataba'i University, Iran.

*Шайған Мариям* – Аймақтану (Орталық Азия және Кавказ) мамандығының магистранты, Алламе Табатабаи, Тегеран университеті, Иран.

*Мандана Тишехъяр* – Ph.D. (халықаралық қатынастар), Джавахарлал Неру университеті, Үндістан және ЭКО колледжінің оқытушысы, Алламе Табатаба университеті, Иран.



ХФТАР 17.71.91

**Баярсайхан Жамсранжав**

Монголия Үлттүк музейі, Улан-Батор, Монголия  
(E-mail: jabayarsaikhan@gmail.com)

### Көшпенділер мәдениетіндегі «Асық» ойыны

**Аннотация.** Дала көшпелілерінің негізгі көсібі мал шаруашылығы болғандықтан олар одан шығатын барлық өнімдерді тиімді пайдаланған. Мал сүтін азық, терісі мен жұнін киім, мүйіз бен сүйектерін түрлі құралдар ретінде пайдаланған. Мал тілерсегінен алынған шымыр сүйекті «асық» деп атап, оны үрпақ тәрбиесінде кеңінен қолданған. Дала көшпелілерінің өмір сүрген аумақтарында жүргізілген археологиялық қазбаларда табылған асық түрлері «асық» тарихының тым тереңде екендейгінің дәлелі. Ал оның үрпақ тәрбиесіндегі орны жайлы зерттеуіміз археологиялық, мәдени, тілдік қорымыздың элементтер арқылы нақтыланып, мәдениетіміздегі орны анықталуға тырысылды. Көшпелілер мәдениетінің қазіргі ең үлкен екі өкілі ретінде қазақ пен монгол мәдениетіндегі асыққа қатысты тілдік, мәдени байланыстар салыстырмалы түрде қарастырылды.

**Түйін сөздер:** асық, ұлттық ойын, көшпенділер мәдениеті, мал сүйегі, ойын.

---

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6887/2022-139-2-185-192>

Тұсті: 15.04.2021 / Жарияланымта рұқсат етілді: 19.05.2022

---

### Кіріспе

Асық – көшпелілердің негізгі шаруашылық көзі болған төрт түлік мал тілерсегінен алынатын, шымыр сүйек. Асық сөзі Еуразия далалық аймағын мекендеуіші этностар тарапынан ашық (қарачай-балқар), шагай (монгол), ашық, чүкө (қырғыз), аşık (түрік) деп аталады. Орыс тілінде де «альчик» (кость чаще) сөзі кездеседі.

Асықты Еуразиялық далалық аймағын мекендеуіші этностар ежелден ойын ойнауға, бал ашуга және қорғаушы рәміз ретінде қолданған. Көне түріктер қасқырды кие тұтса, оның асығын пәледен қорғайтын тұмар ретінде таққан. Тәуешкі, арқар, киік сияқты аңдардың асықтары да шымыр, салмақтылығына және ірілігіне байланысты ойындарда сақа ретінде пайдаланылған. Еуразия далалық аймақтарында қола дәүірі мен ерте темір дәүірінен бастап Түркілер өмір сүрген дәүірге дейін жерлеу орындарында асық кездесе бастайды.

### Зерттеу әдістері мен дереккөздері

Біз өз зерттеуімізде белгіленген мақсатқа жету үшін осы мақаламызда жалпы ғылыми әдістер жалпыдан жекеге, жекеден жалпыға, жүйелеу және жіктеу (классификациялау), жалпылау және талдау әдістерін қолдандық. Зерттеуіміздің

негізгі нысаны көшпелілер мәдениетіндегі асық танымы. Біз зерттеуімізде жалпы асықтың көшпелілер танымындағы орнын анықтаап, оның түрлі ойындардағы қолданылу түрін, атқаратын қызметін ашуға тырыстық. Дала көшпелілерінің екі негізгі тобы ретінде қазақ пен монғол этностарын алыш, олардың мәдениетіндегі асықтың орны тілдік, археологиялық, тарихи деректер негізінде салыстырмалы түрде қаралып, ортақ белгілері анықталды. Бұл аталмыш этностардың тарихтың белгілі кезеңдеріндегі генеологиялық немесе кроссмәдени байланыстарының тереңдігінің кепілі екендігін айқындауды.

### Талқылау

Қола дәуірі жерлеу орындарында асықтың кездесуіне байланысты Е.В. Купряновтың, С.С. Марковтың, А.М. Сагаливтің еңбектерінде кездеседі. Олар археологиялық олжа ретінде асықтың бұл дәуір мәдениеттеріндегі танымына байланысты өз анықтамаларын жасап, түсініктемелерін көлтірген. Олардың барлығы дерлік асықты бала ойындарындағы бір атрибут ретінде түсіндірген. С.В. Сотникова ханым өз зерттеулерінде бала жерлеу орындарында табылған асыққа қатысты мәліметтерді бала жасының ерекшелігіне байланысты екі топқа бөліп қарастырады. Бірінші топта 5-7 жас аралығындағы кішкентай балаларға тиесілі жерлеу орындарында асық санының аздығы мен 8-14 жас аралығындағы бала жерлеу орындарында бірінші топтағыларға қарағанда әлдеқайда көп асық санының кездесентіндігіне тоқталып, бұл жағдайдың жасы үлкен балалардың мақсатты түрде өз меншігі болып табылатын асықтарды қөбірек жинауға олардың жас үлкендігі мен ептілігіне тікелей байланысты екендігімен түсіндірген. Кіші жастағылар жақындарының берген асығымен шектелген. Олардың ойындарда өздерінен әлдеқайда епті, тәжірбиелі үлкен балаларды ұту мүмкіндігінің төмендігіне тоқталған. Бұл дала көшпелілерінің меншік құқы мен ептілігін шындастын бала тәрбиесінің бір бөлшегі, дала мәдениетінің айрылmas бір құрамы ретінде түсіндірген [1].

Монғол ғалымы Н. Батболд Монғолияның Архангай аймағы, Улаан ауылдық округына қарасты Голмод қорғанынан табылған Ғұн дәуіріне тиесілі жерлеу орынында табылған асықтарға арнайы таңбалар ойылған. Ғалым бұл таңбалардың сол кезеңдері тас бетіне, түрмистық заттарға таңбаланған таңба сұлбаларымен ұқсастықтары негізінде бұл таңбалардың тайпаларға тиесілі меншіктік таңбалар екендігіне назар аударып, бұл асықтардың да меншік құқы негізінде әкеден балаға мұра болып қалған болуы мүмкін деген қортындыға келген [2].

Қазақ ғалымдары У.У. Умиткалиев, Д.Т. Тлеугабуловтардың «Асыки и их роль в мировоззрении кочевников» атты мақалаларында асық тек ғана балалардың ойыны ғана емес, жалпы көшпелілер мәдениетінің бір бөлшегі ретінде қарастырған. Олар асықтың дала көшпелілерінде бал ашу, әсемдік бүйімі, жетіген сияқты музикалық аспаптардың бөлшегі, күнделікті киімдерде түйме ретінде әр түрлі салада қолданылғандығын алға тартады. Аталмыш ғалымдардың 2014 жылы Шығыс Қазақстан облысы аумағында қола дәуірі кезеңіне тиесілі жерлеу орында жүргізген қазба жұмыстарында жерлеу мүрдесінің аяқ жағына қойылған, қына бояумен боялған ішінде арқардың асығыда бар 140 асық табылған [3]. Асықтардың қына бояумен боялуы және кейбір асықтардағы тесіктердің болуы бұл асықтардың жіптек тізілгендігін анық білдіріп, асықтардың тек ғана бала ойыны ретінде қарастыруға болмайтындығын білдірсе керек.

Көшпенділер шаруашылығының басты көзі болған мал шаруашылығы көшпелілер өмірі мен мәдениетіне өшпестей үлкен із қалдырғаны белгілі. Негізгі шаруашылығы болған мал өнімдері, еті, сүті – ас болса, оның терісі, жұні, түбіті – киім, ал сүйектері – түрлі құралдар, тезегі – отын ретінде пайдаланылады. Бұл көшпелілердің шаруашылығының негізгі көзі болған мал өнімін ешқандай қалдықсыз толық игергендігінің белгісі. Осы аталмыш мал өнімдерінің ішіндегі негізінен ұлттық ойын түрінің құралы ретінде танылған «Асық» көне көшпелілер танымында ерекше орынга ие. Асық алдымен дала көшпелілерінің бала тәрбиесіндегі негізгі құралы. Баланы ептілікке, мергендікке, сергектікке, ұқыптылыққа, санарап үйренуге тәрбиелеу құралы болған. Дала көшпелілерінің тікелей жалғасы болып табылатын түркі, монғол халықтарының көбісінде ұлттық ойын ретінде қабылданған асық ойынының көптеген түрі кездеседі. Асық ойынының басты объектісі, құралы – Асық. Асықтың иірілу барысында орналасу түрлеріне (позиция) байланысты асық орналасуы және асықтың физиологиялық ерекшелігіне байланысты атаулары бар.

### Сурет 1. Асық



Асықтың физиологиялық ерекшелігіне байланысты аталуы:

Сақа – асықтың үлкен әрі шымыр түрі. Бұл асық жеткен ереккек қойдан немесе серкеден алады;

Кеней – ортанқол қарапайым асықтар;

Шүкейт – кішкентай жас малдың асығы;

Қойлық – қойдың асығы;

Ешкімек – ешкінің асығы;

Құлжа – сақа ретінде қолданатын құлжа асығы;


Көктабан – қорғасын құйылған салмақты сақа асық;

Топай – сиырдың асығы;

Жабай – ірі асық;

Қолқар – сақа ретінде пайдаланатын арқар асығы.

**Сурет 2. Ж. Шайкеннің асықтың иіру барысында орналасу позициясына  
байланысты сзылған суреті**



Асықтың иіргенде орналасу барысына (позиция) қарай аталуы:

Алшы – асықтың қырыменен қуыс бетінің жоғары қарап орналасу;

Тәйке – асықтың қырыменен дөңес бетінің жоғары қарап орналасу;

Бүгө – асықтың жанымен дөңес бетінің жоғары қарап тұсуі;

Шиге – асықтың жанымен ойық бетінің жоғары қарап тұсуі;

Омпы – асықтың ашасы немесе мұртша жағы жоғары қарап тік тұруы;

Шонқай – асықтың жұмыр жағы жоғары қарап тік тұруы;

Монғол тілінде осы асықтардың орналасу барысының атаулары:

хонь /бөгтөрөөрө дәеш харж унах/ - қой

ямаа /хонхорооро дәеш харж унах/ - ешкі

тэмээ /тахираараа дәеш харж унах/ - түйе

морь /шулуунаараа дәеш харж унах/ - ат

Онх /үзүүр нь доошоо харж унах/ - омпы

Асық ойыны барысында қолданылатын құралдар мен әдістер:

Көн киіз – асық ойнауга арналған төсеніш. Кигізден немесе қалың матадан жасалғандықтан асық атуға, қаржуга қолайлы Асық ойынының түріне қарай, қатысушы санына қарай өзгеріп отырады;

Асық иіру – ойыншының ойын құралына сай асықты көң киіз үстіне шашу техникасы.

Ойыншының ептілігіне байланысты иірілген асық ойын шартына сай біргелкі немесе алшы позициясында орын тебеді. Мысалы, бәйге ойыннанда ойыншы асық иіру ептілігі негізінде іірілетін төрт асықты омпы немесе алшы тұсіруге тырысады, ал хан ату ойыншылардан жиналған асықтар қолға сыйуына байланысты бірнеше бөліп иіру арқылы өз ептілігіне сай асықтарды біргелкі тұсіруге тырысады. Яғни, ойыншы ойын шартына сай асықтарды қалаған позициясында тұсіруге тырысады;

Асық ату – бірдей позициядағы екі асықты қолдың кез келген саусағын пайдалана отырып шерту әдісі немесе нысананы, шенбер ішіндегі асықты межелі жерден шерту

арқылы көздеу әдісі десекте болады. бұл асық ойынының ең бір ептілікті қажет ететін әдісі;

Қаралық – ойыншының асық ойыны барысында ережете сай келмейтін іс-әрекеттерді қолдануы. Бұл төрешілер тарапынан ескерту беру немесе ойыннан шығарылу арқылы жолға қойылады;

Шенбер – бұл асықтың «алаң» ойыны кезінде сзылатын тізілім шегі. Ойыншылар осы шенбер сзығынан аспауы және ортадағы ойын асығына дәп тигізу арқылы ол асықты шенбер сыртына шығару арқылы үпай жинай алады;

Су – ойыншылардың алаңға тігілген асықты ату кезіндегі асық шерту немесе лақтыру бағыты;

Сөре – асық тігілген кіші шенбер. Онда ойыншылардың қонге салған асықтары тізіледі;

Қарақшы – алтын сақа орналасқан нүкте;

Кезек – асық ойыншылардың ойынға қатысу реті.

Кезек ойыншылар арасында асық иіру арқылы (кім көп алышы түсіреді) немесе жеребе тастау арқылы анықтайды;

Қаржу (қаршу) әдісі – құс дәп аталатын асықты жоғары лақтырып, сол аралықта қөндегі белгіленген асықты іліп алғып, жоғары лақтырылған құсты (асық) жерге түсірмей қаржып алу әдісі;

Сауу әдісі – алақанға ұсталған асықтарды жоғары серпіп, серпілген асықтарды қолдың сыртына тұрғызып, тұрақтаған асықтарды қайта жоғары серпіп шаштапай қолдың басын айналдыру арқылы алақанға жинау әдісі. Асық қаржу немесе бестас ойындарында қолданылады.

### Сурет 3. Монголия және Қазақстандағы Ұлттық асық ойындарынан суреттер



Жалпы асық ойыны көшпелілер мәдениетінің ажырамас бөлігі. Асық ойынының бала тәрбиесіндегі рөлі зор. Баланы ептілікке, мергендікке, ұқыптылыққа, санауға тәрбиелейтіндігін көптеген зерттеушілер өз тақырыптарына арқау еткен. Асық ойындары баланың жас ерекшеліктеріне қарай және жынысына қарай бірнеше топтарға бөлінеді. Мысалға бестас ойынын көбінесе қызыбалалар ойнаса, бәйге ойынын кішкентай балалар ойнаған [4]. Сонымен қатар асықты қорғаушы тұмар ретінде (әсіресе қасқыр асықтары), тұрмыстық киім ұлғілерінде түйме, әсемдік үшін боялған асықтарды алқа ретінде қолданғандығын байқауға болады [3]. Асықты ұлкендер түрлі сыйыстар мен бәс тігулерде ііру арқылы құмар тасы түрінде қолданған. Асықты ұлттық музикалық аспаптарда тиек ретінде жетіген аспабында, монголдардың ұлттық аспабы ятта аспабында қолданылғандығын білеміз [5].

## Қорытынды

Халық ауыз әдебиетінде «Алтын сақа» ертегісінде сақа, «Ер төстік» ертегісінде асық ойынап жүргендегі балалардың Ертөстікке асықтан жеңілгенде мазақтауы, тілек ретінде ісің алға бассын деген мағынада «Асығың алшысынан түссін», адамның мінез құлығын сипаттау мақсатында «тайдың асығындей», «сақа жігіт» сияқты сөз тіркестерінің көптеп кездесуі көшпелілер өміріндегі асықтың маңыздылығын атап өтсе керек. Расымен де «асық» көшпелілер өмірінде танымы терең, зерттеуді қажет ететін тақырып. Ол тек бала тәрбиесінде гана қолданылып шектелмей, музикалық аспаптарда, ұлкендер арасындағы бәс тігу, сайыстарда, құнделікті тұрмыстағы киімдерде түйме, сәндік бүйім ретінде, қорғаушы киелік таным негізінде тұмар түрінде қолданылғандығын көреміз. Археологиялық жерлеу орындарында табылған асықтардың үстінде түрлі таңбалардың қолданылуы, асықтың діни рәсімдерде қорғаушы тұмар ретінде кең көлемді қолданғандығының айғағы болса керек. Демек, асық көшпелілер мәдениетінің ажырамас бөлігі, танымы терең құбылыс.

Монғол мен қазақ тіліндегі, мәдениетіндегі, әдебиетіндегі, тарихындағы «асық» танымына қатысты ұқсас дүниелердің біздің генеологиялық немесе кроссмәдени байланыстарымыздың тым тереңде екендігінің белгісі болса керек.

## Әдебиеттер тізімі

1. Сотникова С.В. Детские погребения с наборами асыков и роль игры в обществах степного населения эпохи бронзы // Вестник археологии, антропологии и этнографии. – 2014. – № 2 (25). – С. 26-34.
2. Батболд Н. Хүннүгийн хадны зураг // Studia Archaeologica Instituti Archaeologici Akademiae Scientiarum Mongolicae.– 2011– Т. XXXI. – С. 26-39.
3. Умиткалиев У.У., Тлеутабулов Д.Т. Асыки и их роль в мировоззрении кочевников // Религиозный фактор в истории древних и средневековых народов Евразии. – Астана: ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, 2018. – С. 37-42.
4. Молдабай Т., Бутеев Б.О. Асық в культуре казахского народа: традиция и преемственность // Международная научно-практическая конференции «Урал-Алтай: через века в будущее» от 2 июля 2014. – Чобаксыры, 2014. – С. 64-69.
5. Төлеубаев Ә.Т. Қазақ халқы этнографиясының мәселелері. – Алматы, 2013. – Т.2. – 496 б.

## Баярсайхан Жамсранжав

Национальный музей Монголии, Улан-Батор, Монголия

## «Асық» в культуре кочевников

**Аннотация.** Поскольку основным занятием степных кочевников было скотоводство, они эффективно использовали все его продукты. Молоко животных использовалось в пищу, кожа и шерсть - в качестве одежды, рога и кости - в качестве различных орудий труда. Кость из хвоста животного называется "асық" и широко используется в воспитании потомства. Археологические раскопки в районах проживания степных кочевников доказывают, что история "асыка" очень глубока. И

наше исследование его места в воспитании подрастающего поколения было уточнено через элементы наших археологических, культурных и лингвистических ресурсов, и попытались определить его место в нашей культуре. Как два крупнейших представителя современной кочевой культуры, были сравнительно рассмотрены лингвистические и культурные связи по отношению к асыку в казахской и монгольской культуре.

**Ключевые слова:** асык, национальная игра, кочевая культура, кости животных, игра.

Bayarsajxan Zhamshanzhav

*National Museum of Mongolia, Ulaanbaatar, Mongolia*

### «Asyk» in Nomad culture

**Abstract.** As the main occupation of steppe nomads was cattle breeding, they used all their products efficiently. Animal milk was used as food, skin and wool as clothing, horns and bones as various tools. The bone from the animal's tail is called "asyk" and is widely used in the upbringing of offspring. Archaeological excavations in the areas inhabited by steppe nomads prove that the history of "asyk" is very deep. And our study of its place in the upbringing of the next generation was clarified through the elements of our archeological, cultural and linguistic resources, and tried to determine its place in our culture. As the two largest representatives of modern nomadic culture, linguistic and cultural ties in relation to asyk in Kazakh and Mongolian culture were considered comparatively.

**Keywords:** asyk, national game, nomadic culture, animal bones, game.

### References

1. Sotnikova S.V. Detskie pogrebeniya s naborami asy'kov i rol' igry` v obshhestvakh stepnogo naseleniya e`poxi bronzy`, Vestnik arxeologii, antropologii i e`tnografii [Children's Burials with Asyk Sets and the Role of Play in Steppe Societies of the Bronze Age, Bulletin of Archaeology, Anthropology, and Ethnography]. 2014. No.2 (25). P. 26-34, [in Russian].
2. Batbold N. Xynnygijn xadny` zurag, Studia Archaeologica Instituti Archaeologici Akademiae Scientiarum Mongolicae.2011. Vol. XXXI P. 26-39, [in Mongolian].
3. Umitkaliev U.U., Tleugabulov D.T. Asy'ki i ix rol` v mirovozzrenii kochevnikov, Religions' faktor v istorii drevnih i srednevekovy`x narodov Evrazii [Asyk and their role in the worldview of nomads, The Religious Factor in the History of Ancient and Medieval Peoples of Eurasia], ENU, Astana, 2018. P. 37-42, [in Russian].
4. Moldabaj T., Buteev B.O. Asy'k v kul'ture kazaxskogo naroda: tradiciya i preemstvennost`, Mezhdunarodnaya nauchno-prakticheskaya konferencii «Ural-Altaj: cherez veka v budushhee» ot 2 iyul` 2014 [Asyk in the Culture of the Kazakh People: Tradition and Continuity, International Scientific and Practical Conference

- "Ural-Altai: Through the Ages into the Future", July 2, 2014]. Chobaksary', 2014. P. 64-69, [in Russian].
5. Toleubaev A.T. Qazaq halqy` e'tnografiyasy`ny'n maseleleri [Problems of ethnography of the Kazakh people], (Almaty, 2013, Vol. 2, 496 p.), [in Russian].

*Автор туралы мәлімет:*

Баярсайхан Жамсранжав – тарих ғылымдарының докторы, Монголия Үлттық музейі директорының орынбасары, профессор, Монголия Үлттық музейі, Улан-Батор, Монголия.

*Bayarsajxan Zhamrsranzhav* – Doctor of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of the National Museum of Mongolia, Ulaanbaatar, Mongolia.

<sup>1</sup>Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

<sup>2</sup>Назарбаев университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

\*Корреспонденция үшін автор: zgulbahram@mail.ru

## Түркі халықтарының қаһармандық эпостарындағы батырлар типі

**Аннотация.** Түркі халықтарының көптеген ғасырлар бойы дамып, қалыптасқан бай фольклорлық мұрасының бірі - қаһармандық эпостардың алатын орны ерекше. Эпостардың басты кейіпкері - ерекше тұған батыр. Ең жақсы қасиеттер де осы халықтың өкілі, ел бірлігін дәріптейтін эпостың басты кейіпкері - батырдың бойына жинақталған. Эпостарда басқа әлеуметтік топ өкілдеріне қарағанда өзі мерген, өзі аңшы, өзі шешен, өзі еңбекқор, өзі әділ батырдың алатын орны барлығынан жоғары тұрады. Түркі халықтарының көне эпостарында батырлар немесе олардың әкелері рутайпа басшысы, көсемі болып келсе, қаһармандық эпостарда мемлекеттің пайда болуымен батырлар хан дәрежесіне көтеріліп, асқақтатылды. Аталған мақалада түркі халықтарының эпостарындағы қызметі қоғамның, едің бірлігіне негізделген батыр типтері қарастырылады. Сонымен қатар, ауылын, руластарын аңшылығымен, мергендігімен асыраған аңшы/мерген батыр типі, зұлымдықты жеңіп, елге тыныштық пен әділдік орнататын батыр хан типі, ұсақ-түйек даулардан бастап, үлкен дау жанжалдарға дейінгі мәселелерді шешіп, әділ шешімін айтып, төрелік ететін би батыр типі, зұлым байдың әділетсіздігі мен кемсітуіне қарсы тұрып қүрескен малиш батыр типтерінің ерекшеліктері эпостардан мысалдар келтіріле отырып, жан-жақты сараланып, пайымдалады.

**Түйін сөздер:** қаһармандық эпос, батыр типі, аңшы/мерген батыр типі, батыр хан, би батыр типі, малиш батыр.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6887/2022-139-2-193-201>

Түсті: 15.11.2021 / Жарияланымға рұқсат етілді: 19.05.2022

### Кіріспе

Халықтың рухымен сезілген, халықтың қиялышында жаңданған әрі тарихи, әрі рухани құнды туындыларымыз қаһармандық эпостарда ең жақсы қасиеттер халықтың өкілі, басты кейіпкер батырдың бойына жинақталған. Батыр – елдің бірлігі мен ынтымағын дәріптейді. Олардың қызметі бүкіл қоғамның, халық бірлігінің, мемлекет тұтастығына құрылады.

Орта Азиядағы түркі халықтары мекендеғен сайын даланың қатал ауа райы, өз араларындағы, дүшпандарымен арадағы соғыстар оларды көшпелі тұрмыс-тіршілікке итермеледі. Көшпелі тұрмыс-тіршілік те оларға жауынгерлік пен батырлық рухын септі. Сол себептен де отырықшы қоғамға қараганда көшпелі тұрмысты ұстанған қоғамнан батыр типін жиі кездестіруге болады. Әйткені, көшпелі қоғамның тұрмыс-тіршілігі, құндылықтары отырықшы қоғамнан өзгеше болып келеді. Ол туралы түрік ғалымы Мехмет Каплан «Өмірде және әдебиетте нақты бір тип оны идеал тұтқан қоғамға байланысты дүниеге келеді. Тип – аңсаудың белгісі. Алайда, бұл аңсау сол қоғамның тарихи сәттері, әлеуметтік жағдайы және өркениетімен тығыз байланысты. Бұлар өзгерсе, оларға жауап беретін идеал типтер де өзгереді» [1, 58 б.], - дейді.

Түркі қаһармандық әпостарында көшіп-қонып мал баққан елдің ортасынан шықкан, жаз жайлап, қыс қыстап жүрген қарапайым батыр жауға барғанда адам айтқысыз биік қамалдарды бұзып, шаһарларды шауып керемет ерліктер көрсетеді. Қаһармандық әпоста барлық жағынан асқақталатын кейіпкер – ол батыр. Батырлық тек елге еңбек сініру, ел қорғау арқылы ғана келеді. Түрік ғалымы Ч.Айнур өз мақаласында батыр типін «Түркі әпостарында идеалданырылған батыр типі халықтың басты күш, қуаты саналады. Батыр қасиетті отансүйгіштік мақсатынан өлгенге дейін бас тартпайды. Ол соғыстан тайсалмайды, қашпайды, қеудесін керіп жаута қарсы тұрады. Қарсыдағы дүшпан қорқынышты, көзі қарайған, өте күшті болып келеді. Батыр өзін соншалықты батыл, мықты санайды. Өзін ешбір дүшпан жеңе алмайтындағы көреді. ... батырға рухани күшті аталар рухы береді. Батыр тұғаннан мықты, жан-жақты болып келеді. Эрдайым жанында аты және жігіттері бар. Сонымен қатар батыр әділ, жомарт, сымбатты, өнерлі, қонақжай, намысты болып келеді» [2, 172 б.], - деп сипаттайды.

Қаһармандық әпоста батыр өзінің ержүректілігін, батылдығын ел итілігіне, әділетсіздіктен жапа шеккендер мен жаудан жәбір көргендерді құтқаруға жұмсайды. «Батырлар жырында жеке мұддеден ғөрі ру, тайпа, ел мұддесін жоғары қою үстем. ... Эпостық жырлар патриархалдық-феодалдық қоғам нығайған кезде жырланғандықтан, оның батырлары ру, тайпа мұддесі мен жеке басының мұддесін ұштастырады» [3, 134-135 б.]. Бір сөзben айтқанда, батырдың батырлығы ел тағдырына қатысты маңызды оқиғамен өлшенеді.

Басқа да халықтардың әпостарындағы сияқты түркі халықтарының әпостарындағы батырлар да әділ, ержүрек, батыл, дана болып келеді. Эпостарда батырлар тұтқынға түскен өзінің әке-шешесін, өз руының адамдарын, жарын, оның әке-шешесін құтқарады. Эпостардан батырлардың эпикалық идеалды ерекшеліктерімен қатар реалды адами ерекшеліктерін де көруге болады. Яғни, батыр еңбекқор, мықты аңшы, мерген, жақсы бақташы, мейірімді бала, отағасы ретінде суреттеледі. Көне әпостарда батырлар немесе олардың әкелері ру-тайпа басшысы, көсемі болса, мемлекеттің пайда болуымен қаһармандық әпостарда батырлар хан дәрежесіне көтеріледі.

### Зерттеу әдістері

Жұмыстың сипатына қарай аталған мақалада негізінен сипаттау, жүйелеу, мәтіндік талдау және жалпылау әдістері қолданылды.

**Батыр хан типі.** Түркі халықтарының әпостарында батыр хан бейнесі жиі кездеседі. Батыр хан бейнесі бытыраңқы рулардың халық болып құрала бастаған кезеңімен бірге қалыптасқан. Оның қызметі бірігу идеясымен, мемлекеттің шығу тарихымен қарайлас [4, 49 б.]. Эпостарда батыр ерлігінің, ақылының, әділдігінің арқасында қоғамдағы зұлымдықты жеңіп, әділетті қоғам орнатып, сол қоғамға хан болады. Халық та батырдың хан тағына отырғанда тыныштық пен әділдік орнататындығына сенеді. Өйткені батыр халықтың арман-қиялдығы адам.

Қаһармандық әпостағы батыр - еркіндіктің, әлеуметтік теңдіктің, әділетті қоғамның символы. Батырдың хандық билікке қол жеткізіп, хан сайлануы әділетті қоғамның орнауы да болып есептеледі. Эпостарда батыр хан тағына қол жеткізгенде елде тыныштық пен әділдік орнайды. Бұл да батырды асқақтатудан, осында хан болса екен деген тілекten, аңсаудан тұғандығы сөзсіз. Ол туралы ғалым Ш.Ибраев «Батыр еліне келіп заңсыздықтың орнына бұрынғы заңдылық, жамандықтың орнына жақсылық орнайды. Іс жүзінде қалпына келген тіршілік халық санасында енді осыдан былай батыр мен оның елі өмір сүретін кіршіксіз орта, әділетті қоғам деп есептеледі» [5, 227-232 б.].

Көне эпостардағы батыр (аңшы батыр, мерген батыр) мемлекет құрылған тұста оның билеушісі хан типімен бірігіп, батыр хан типтері пайда болды. «Қарадөн» эпосында ноғай ханы өз баласы Бердіхан бола тұра хандықты Қарадөнге береді. Хандыққа ие болған Қарадөнің батырлығынан басқа ақылдылығы, әділдігі мына жыр жолдарында көрініс тапқан: «Мынау тұрган Қарадөн, Кеудесі толған сана еді. Тоқсан баулы ноғайды, Тірі болса, бағады, Ашы менен арығын, Пақыр, міскін, көрібін, Түтегей көңілін табады» [6, 221 б.].

«Ер Тарғын» мен «Ер Көкше» жырларында да хандық таққа Тарғын мен Көкше отырады. Ол туралы «Ер Тарғын» жырының соңында «Жанарыстан үш Тарғын деген тауға барып жайлады, һәм қыстады. Һәм су жерді мысыр етті. Сол елге Тарғынның өзі хан болды және батыр болды» [7, 52 б.], - дейді. «Едіге – Нұран» жырында Едіге Есім ханды өлтіріп орнына басқа хан сайлайды. Мұхтар ханының да елін шауып орнына Аңғысынды хан қояды. Ал өзі екі елдің батыры атанады. Ал «Едіге» жырында «Едіге Тоқтамыс ханының үлкен қызын алып беріп, Жылқыбайды хан қылып таққа отыргызып қояды» [6, 94 б.]. Ал қарақалпақтардың Қияс нұсқасында Сәтемір хан жалғыз қызы Ақбілекті Едігеге қосып, хандық тағын Едігеге береді [8, 221 б.]. Едіге хан болып ел билеген тұста әділ төрелік жүргізіп, елінің абырайын арттырады. Нұртуған жырау нұсқасында Сәтемір хан қызы Қағазды Едігеге некелеп, тағын береді. «Едіге сол өлкедегі ноғайы, қазағы, манғұлы тағы басқасы бар – төрт арыс елге хан болды». Көптеген түркі халықтарында кеңінен таралған «Көрүғұлы» эпосының қазақ, өзбек, түркімен варианттарында Көрүғұлы араб Райханның қызын түркімен еліне алып келгеннен кейін оны ақсақалдар кеңесі хан сайлайды.

Қаһармандық эпос дәстүріне сай батыр болмаған ханың әділетті билеуші ретінде бейнеленуі өте аз кездеседі. Өйткені халықтық тарихи сана бойынша ең алдымен елінің мұддесін барлығынан жоғары қоятын, сол үшін жанын пида туге даяр батыр тұлғасы ғана ел билеуге лайықты болып келеді.

**Аңшы, мерген типі.** Эпостардағы батыр типтерінің тағы бірі – *аңшы, мерген* типтері. Аңшы, мерген типтері өз бастауын мәдени қаһармандардан алады. Сібір эпостарындағы батырлық мергендік, аңшылықпен сабактас болып келеді. Қазақ халқының «Қисса Құламерген» көне эпостық жыры, «Аламан мен Жоламан» сияқты батырлық ертегілерінде батырлық мергендікпен, аңшылықпен сабактасып жатыр. Аңшы, мерген батырлар тек қана өздерінің отбасыларын ғана емес, күллі ауыл-аймағын құстың, аңының етімен асырап отырган. Аңшылық сол кезеңдердегі күн көру кәсібінің бір түрі болған. «Қисса Құламерген» жырындағы «Тыңлаңыз, Құламерген бұрын өткен, Ақырда мұратына о да жеткен. Мұхиттың Ғазар деген аралында, Өнерпаз мергендікпен кәсіп еткен» [9, 84 б.], - деп басталатын шумактарынан жырдың бас қаһарманы Құламергеннің аңшылықты кәсіп еткен адам екенін көреміз. Көне эпостардағы батырлар аңшылықты кәсіп қылған, аңшылықтың арқасында елін, жұртын асыраган аңшы-мергендер.

Батырлардың мергендігі, аңшылығы көбіне ертегілерде кездесетін сюжет десек те болады. Ол туралы М. Әуезов: «Қазақ батырларының әңгімелерінде аңшылықтың өзі де көп жайылған үлкен бір салт болады. Біздің батырлардың бір алуаны – аңшыдан шыққан батырлар. Бұның мысалдары, әсіресе, ертегіде көп. Кәсіп иесі – аңшы батыр. Мал бағушы, бақташы Қодар батыр сияқты, біздің батырлардың ол да бір бөлек типі болады» [10, 100-101 б.], - дейді. «Ер Төстік» ертегісінде де Ер Төстік те әке-шешесін құстың, аңының етімен асырайды.

Ә. Марғұлан қазақтың қаһармандық жырлары мен ертегілерін туғызған атаеркі дәуірдегі негізгі мотивтердің көптеген түрлерін жіктейді. Солардың ішінде «ер баланы баулып, садақ аттыру, жапан түзге жалғыз жіберіп, ан аулатып, ерлік сынаудан өткізу/мергендер типі» мотивінің де айрықша орын алғандығын атап көрсетеді [11, 16 б.].

Ежелгі сахаларда балаға кішкентай кезінде берілген ат нағыз ат ретінде саналмайтын болған. Нағыз ат оларға садақ атып, жігіттік көрсеткеннен кейін ғана берілетін болған. Өзбек халқының «Алпамыс» эпосында батырға туганда қойылған ат – Хакімбек. Хакімбек жеті жасына толғанда алғашқы батырлығын көрсетеді. Атасынан қалған он төрт пүт ауырлығындағы сары садақты көтеріп атады. Сары садақпен атқан оқ асқар тауға қарай ұшып, таудың төбесін ұшырады. Осыған байланысты халық оған Алпамыс деп ат қойған. Алпамыс, Қобыланды жырларында батырлар ат жалын тарта өз елін қорғауға аттанса, Бұқаш аңға аттанады.

Хакас қаһармандық эпостарындағы батырлар да құралайды көзге атқан мерген, қарымы мықты аңшылар болып келеді. Эпостарда батырлардың аттарына мирген (мерген) эпитеті қосылып Хартыға Мирген – Қарышға Мерген, Курелдей Мирген – Қола Мирген, Алтын Мирген – Алтын Мерген, Ай Мирген – Ай Мерген т.б. болып аталады [12, 43 б.]. Сонымен қатар, батырлардың аттары хан, тайчы (ханзада), мөке (күшті), төңіс (бай) сияқты түрік-монгол титулдарымен бірге айтылып отырған. Алтайлықтарда да «Тектебей Мерген», «Малчи Мерген», «Көгүдей Мерген», «Хан Мерген» т.б. сияқты қаһармандық эпостар көптеп кездеседі.

Қаһармандық эпостарда аңшылық, мергендік тұлғалары өзгеріске түсken. Қалыңдық іздеуге шыққан батыр қызға қол жеткізу үшін мергендікті қажет ететін алтын теңгені, жібек бауды т.б. атып түсіреді. Алты жасында алып батыр болған Қобыланды Еstemіспен бірге жылқы бағып, аң аулап, садақ тартады. Көктім ханның тойында Қобыланды мергендігін көрсетеді: «Қозы жауырын жебені, Ат үстінен шіреніп, Сонда тұрып тартады, Қәміл пірлер сенгені. Қарулы бақан басында, Екі бөліп ұшырды, Ай астында теңгені» [13, 14-15 б.]. Қобыланды осылайша ай астына ілінген теңгені атып түсіріп Құртқаға үйленеді. Бұл жерде біз Қобыландының сұлу жарына қол жеткізу үшін жасаган ісін көреміз, оның халық қамын көздейтін нағыз ерлігі Қазанға аттану сапарынан басталады.

Қазақтың «Қамбар батыр» жырындағы Қамбар батыр өзін ғана емес «алпыс үйлі арғын мен тоқсан үйлі тобырды» аңшылықпен асыраған аңшы-батыр. Қ.Жұмалиев «Қазақ әдебиетінің тарихы» еңбегінің батырлар жыры туралы тарауында Қамбардың аңшылығын жырдың басты ерекшелігі ретінде сипаттайты [14, 439 б.]. Жырда Қамбар батырдың батылдығы ел иғлігіне, зәбір көргендерді құтқаруға бағытталады.

«Қисса Қамбар» жырында Қамбар «он сан үйлі оят, қырық сан үйлі қият, алпыс үйлі арғын, жетпіс үйлі жебір, тоқсан үйлі тобырды» асыраған он сегіз жасар батыр ретінде суреттеледі [15, 49 б.]. Ә. Диваев жариялаган «Қамбар батыр» жырында Қамбардың «Алпыс үйлі Арунның, Тоқсан үйлі Тобырдың, Ашыққаның тойғызған» аңшылық өмірі, адал еңбектенуі кеңінен суреттеліп, жолбарыспен алысқан алғашқы ерлігі жырланады [15, 121-125 б.]. «Қамбар батыр» жырының Ә. Шоқатаев нұсқасында көп тобырдың қамы үшін «киік, құлан аң атып асырағандығы», «Қобыланды батыр» жырының Құлзақ нұсқасында «Ит жүгіртіп, құс салып кәсіп еткен, Аңшылықтың қызығын нәсіп еткендігі» [16, б. 144] жырланады. «Қобыланды батыр» жырындағы «Өзі алты жасында, Қаршығасы қолында, Тазысы ерткен соңында» жолдары ел қорғаны батырдың кішкентайынан аңшылықты кәсіп еткендігін анғартады. Жырда бала Қобыландыға жөн сілтейтін дана, қамқор жылқышы бейнесінде берілген Еstemіс Қобыландыны аңшылыққа, мергендікке баулиды. «.. Қобыландыны барған соң, Еstemіс ерің баулыды. Күнде киік аулайды, Кездессе жауын жаулайды, Жылқыда жатып Қобыланды, Екпіні оттай қаулайды, Қаршығасы қолында, Құмай тазы соңында, Қөрсе киік аулайды» [17, 5-6 б.].

Алтайлықтардың екі бөлімнен тұратын «Маадай Кара» эпосының бірінші бөлімінде Кара Құланың қарт батыр Маадай Карага шапқыншылығы, қосынын қиратып дүниесін, мал-мұлқін адамдарымен қоса тұтқындауы баяндалған. Екінші бөлімінде Маадай Караның ұлы Қөгүдей Мерген батырдың ерліктері жырланған. Эпостың басты кейіпкері керемет күшке ие - Қөгүдей Мерген. «Маадай Кара» дастанында ғажайып туу мотиві бойынша қарт ата-анадан дүниеге келген, жау келердің алдында қарт әкесінің тауға жасыруымен аман қалған бала баяндалады. Оны мейірімді кейуана бейнесіндегі тұған жердің, ягни Алтайдың рухы өсіреді. Алтайдың рухы қорғансыз баланы керемет батырга айналдырады. Баланың біртіндеп қару қолдануды, құс пен аңдарды аулауды үйренуі аңшылық пен малшылықты қатар алып жүрген көне алтайлықтардың тұрмыстарының шынайы тұстарын көрсетеді. Ал баланың ойыншық садақтың бір жебесімен бірден көп аң құсты өлтіріп, өзіне тартып алуынан шындыққа жанаспайтын қиял-ғажайыпты көреміз. Қөгүдей Мерген қабыргадан жасалған садағы, қамыстан жасалған жебесін атқанда «жер тітіркеніп, Алтайдың төбесі сілкініп, жебе жеті қара бөрінің жалаң қолтығынан өтіп, жеті қара тауды ұшырып, жеті қабат жер астынан өтіп жерді ұстап тұрган улы сары теңізге тұседі. Оң қолымен лақтырған таспен тоғыз қара қарғаның бастарын жұлып алады» [18, 300-302 б.].

**Батыр би типі.** Батырлар типінің келесі бір өкілі – *батыр би*. Батыр би тұлғасы кейіннен қалыптасқандағы болар эпостарда көп кездесе бермейді. Қазақ тарихында би дегенде алдымен үш жүзге мәшінр Төле би, Қаз дауысты Қазыбек би, Әйтеке билер еске түседі. Билер ұсақ-түйек даулардан бастап, ұлken дау-жанжалдарға дейінгі мәселелерді шешіп отырған. Эпоста би бейнесі тұтас образ ретінде кездеспейді. Ол тек батыр тұлғасымен тұтастанып қана эпостан орын алады. Қазақ эпостарындағы осындағы тұлғалардың бірі – Едіге би. Едігенің би ретіндеғі даналығын түрлі дауларға әділ төрелік беруінен көреміз. Ол бала кезінен бастап-ақ шешендігімен, әділ билігімен көзге түседі. Тоқтамыс ханға даулы болып бара жатқан екі кісінің таласын ойнап жүрген Едіге шешеді. Дау қуушылар ханға барғанда ол Едігенің төрелігінен артық төрелік бере алмайтынын айтады. Осындағы бірінен-бірі асқан тағы да үш дауды Едіге шешіп, әділ төрелікке хан да тоқтайды. Ұсақ-түйектен басталған төрелік ұлken билік айтуга ұласады. Соның ішінде балаға таласқан екі әйелге «баланы семсермен қақ бөліп беремін» дегенде, шын анасы «өлтірменіз» деп араша түсіп, осыдан жалған ана мен баланың өз анасын ажыратқан әйгілі билік те эпоста Едіге атымен байланысты. Едіге аруағының асып тұғанын алдымен ханның әйелі байқайды. Едіге кіріп келгенде ханның селк ете түсетінін әйелі хан киімінің етегін түйрекен иненің морт сынғанымен дәлелдейді. Мұнан кейін ханның Едігеге қарсы қастандығы басталады. Едігенің мемлекет басқаруды өз қолына алғанда да хан аталмауы тарихи шындыққа жақын. «Едіге» жырының татар нұсқасында Шаһ Темір Едігені би сайлап, қызы Ақбілекке қосады [19, 115 б.].

**Кедей, малшы батыр типі.** Эпостардан *кедей, малшы батыр типі* алтайлардың «Малчи Мерген» эпосында кездеседі. Алтайлықтардың «Малчи Мерген» эпосындағы Малчи Мерген басқа эпостардағы сияқты ру көсемі емес. Ол өз иесінен зәбір көріп, жапа шеккен, зұлым байдың әділетсіздігіне, кемсітуіне, мазағына қарсы тұрып күрескен малшы. «Малчи Мерген» эпосында Айбычи бай жайылымын басқа жаққа көшіргісі келеді. Малчи деп аталағын малшының бірі байдың әмірін естіп: «Жаңа жайылымға аппаратын күшім қалмады, мен байғұсқа тым болмаса жауыр ат берсе», - дейді. Бұған ашуланған бай мен оның қызыметшілері Малчини «естен кетпейтіндей етіп үш өрім қамшымен қанын ағызып сабайды» [20, 18 б.]. Бұдан әрі қарай эпостағы сюжеттер ертегілік, фантастикалық түрде өтеді. Батырдың қарсыласы ретінде Малчи Мергеннің болашақ жарының әкесі Арслан Каан шығады. Арслан Каан Малчи Мергенге төменгі

таптың өкілі болғандықтан қарсы. Эпостан бай Арслан қаан мен малшы Малчи Мергеннің арасындағы әлеуметтік күресті көреміз. Эпоста кедейлердің өкілі батыр байлар мен хандардың әділетсіздіктеріне қарсы күрес жүргізеді. Бұл күресте барлық байлар мен хандар ажал құшып, батыр малшы жеңіске жетеді.

Қазақ халқының «Алпамыс батыр» жырында Алпамыс қойшы Кейқуатты хан сайлап, Жұрметозды әйелдікке алып береді. Сол қойшы Кейқуат әділ хан болады. Жалпы қойшыны хан қою эпостарда көп кездесе бермейтін көрініс.

### Қорытынды

Қаһармандық эпостарда батырдан асқан ұлы тұлға жоқ. Сол себептен де жырдағы кез келген әлеуметтік топ өкілдерінен мейлі хан, мейлі бай болсын батырдың орны бәрінен жоғары тұрады. Батырдың бойында батырлық, батылдықпен бірге қаншама асыл қасиеттер ұштасып жатады. Тұтастай алғанда, батыр жан-жақты, бойында көптеген ерекшелігі бар, өзі мерген, өзі аңшы, өзі палуан, өзі шешен, өзі мәрт, халық аңсарындағы ерекше тұлға.

Эпостарда батырлардың көркемдік ерекшеліктерімен қатар шынайы адами ерекшеліктері де жан-жақты бейнеленеді. Эпостарда бейнеленген аңшы/мерген батыр типі мергендігімен елін асырайды, батыр хан типі зұлымдарды жеңіп, еліне тыныштық орнатады, би батыр типі әділ шешім айтып ұлken дау-жанжалдардың алдын алады, ал машиы батыр типі де зұлым байларға қарсы күресте жеңіске жетеді.

Жалпы алғанда архаикалық элементтері көбірек сақталған Сібір эпостарында аңшы батыр, мерген батыр, малшы батыр сияқты батыр типтері көптеп кездеседі. Орта Азия эпостарында да көне эпостарда кездесетін түрмисстық элементтердің көрінісі (аңшылық дәуір көрінісі) мен қаһармандық элементтері, яғни аралас типтердің молырак кездесетінін, әволюциялық дамуын көреміз.

### Әдебиеттер тізімі

1. Kaplan M. Manas Destanı. Türk Edebiyatı üzerinde araştırmalar 3. Tip Tahlilleri / M. Kaplan. – İstanbul: Dergah Yayınları, 2005. – 90 s.
2. Akyüz K. Manas Destanı'nda Alp Kadın Tipi // Mukaddime. – 2010. – № 1. – S.169-180.
3. Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы / Ә. Қоңыратбаев. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 288 б.
4. Пропп В.Я. Русский героический эпос / В.Я. Пропп. – Москва: Лабиринт, 1999. – 640 с.
5. Ибраев Ш. Түркі эпосының поэтикасы мен типологиясы / Ш. Ибраев. – Астана: Сарыарқа, 2012. – 336 б.
6. Бабалар сөзі: Жұз томдық. – Астана: Фолиант, 2008. – 464 б.
7. Бабалар сөзі: Жұз томдық. – Астана: Фолиант, 2007. – 496 б.
8. Едиге. Қияс варианты. – Нөкис: Қарақалпақстан, 1990. – 400 б.
9. Бабалар сөзі. – Астана: «Фолиант», 2008. – 352 б.
10. Әуезов М. Әдебиет тарихы / М. Әуезов. – Алматы: Кітап, 1991. – 240 б.
11. Марғұлан Ә. Ежелгі жыр, аңыздар / Ә. Марғұлан. – Алматы, 1985. – 362 б.
12. Бутанаев В.Я., Бутанаева И.И. Мир хонгорского (хакасского) фольклора / В.Я. Бутанаев, И.И. Бутанаева. – Абакан: Издательство Хакасского государственного университета им.Н.Ф.Катанова, 2008. – 376 с.
13. Бабалар сөзі: Жұз томдық. – Астана: Фолиант, 2006. – 336 б.

14. Әуезов М. Қазақ әдебиетінің тарихы. I том. Фольклор / М.Әуезов. –Алматы, 1948. – 439 б.
15. Бабалар сөзі: Жұз томдық. Т.43. – Астана: Фолиант, 2007. – 416 б.
16. Бабалар сөзі: Жұз томдық. Т. 35. – Астана: Фолиант, 2006. – 392 б.
17. Батырлар жыры. 1 – том. – Алматы: Жазушы, 2006. – 256 б.
18. Маадай-Кара. Алтайский героический эпос. – Москва: Наука, 1973. – 474 с.
19. Татар эпосы. Дастаннар. – Казан: Раннур нәшрияты, 2004. – 640 б.
20. Улагашев Н.У. Малчи-Мерген. Алтайский героический эпос / Н.У. Улагашев. – Горно - Алтайск: Ойротское областное национальное издательство, 1947. – 231 с.

**Г.Т. Жилембаева<sup>1</sup>, А.Р. Маемерова<sup>2</sup>**

*<sup>1</sup>Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан*

*<sup>2</sup>Назарбаев университет, Нур-Султан, Казахстан*

### **Тип батыров в героических эпосах тюркских народов**

**Аннотация.** В богатом фольклорном наследии тюркских народов, сложившимся и развивавшимся на протяжении многих веков, довольно велика роль героических эпосов. Главный герой эпосов – необыкновенный батыр. Все лучшие качества народа собраны в лице его представителя, главного героя эпосов – батыра. Батыр превосходит всех остальных представителей социальных групп в эпосах, являясь и самым метким стрелком, и лучшим охотником, и лучшим оратором, и самым трудолюбивым, и самым справедливым. В данной статье рассматриваются типы батыров, деятельность которых в эпосах тюркских народов основана на единстве общины и народа. Кроме того, подробно рассматриваются и анализируются приводя примеры следующие типы батыров: *тип батыра охотника/меткого стрелка*, который своей охотой кормит свой аул, свою общину, *тип батыра хана*, который побеждает зло и устанавливает спокойствие и справедливость, *тип батыра бия*, который находит справедливое решение в различных ситуациях, начиная от мелких споров до больших конфликтов, *тип батыра пастуха*, который борется против несправедливости и дискриминации злого бая.

**Ключевые слова:** героический эпос, типы батыров, тип батыра охотника/меткого стрелка, тип батыра хана, тип батыра бия, тип батыра пастуха.

**G.T. Zhiyembayeva<sup>1</sup>, A.R. Maemerova<sup>2</sup>**

*<sup>1</sup>L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan*

*<sup>2</sup>Nazarbayev University, Nur-Sultan, Kazakhstan*

### **Type of heroes in heroic epics of the Turkic peoples**

**Abstract.** Heroic epics take a special place in the rich folklore heritage of the Turkic peoples, which has developed over many centuries. The main character of the epics is an unusual native hero. The best qualities are accumulated throughout the life of a representative of these people, the main character of the epic – The Hero. In the epics, the place of a sniper, a hunter, a speaker, a hardworking, and a righteous hero is higher than everyone else than representatives of other social groups. The article considers the types of heroes whose activity in

the epics of the Turkic peoples is based on the unity of society and the country. In addition, *the type of hunter/sniper* hero who feeds his village, tribes with hunting, sniper, the *type of batyr khan* who defeats evil and brings peace and justice to the country, the *type of bi batyr* who solves problems and gives a fair solution, from small disputes to big disputes, the features of the types of Shepherd batyr who fought against injustice and discrimination of the evil rich are comprehensively analyzed and interpreted with examples from epics.

**Keywords:** heroic epic, hero type, hunter/sniper hero type, khan batyr, bi batyr type, shepherd batyr type.

## References

1. Kaplan M. Manas Destani [The Epic of Manas], (Dergah Yayınları, İstanbul, 2005, 90 p.), [in Turkish].
2. Akyüz K. Manas Destanı'nda Alp Kadın Tipi [The type of female hero in the epic Manas], –2010. No. 1. P.169-180, [in Turkish].
3. Konyratbayev A. Kazakh folklorunun tarihi [History of Kazakh folklore], (Ana tili, Almaty, 1991, 288 p.), [in Kazakh].
4. Propp V.Ya. Russkii geroicheskii epos [Russian heroic Epic], (Labirint, Moscow, 1999, 640 p.), [in Russian].
5. Ibrayev Sh. Turki eposinin poetikasy men tipologiyasy [Poetics and typology of the Turkic epic], (Saryarka, Astana, 2012, 336 p.), [in Kazakh].
6. Babalar sözi: Jüztomdık [The words of the ancestors], (Astana, 2008, 464 p.), [in Kazakh].
7. Babalar sözi: Jüztomdik [The words of the ancestors], (Astana, 2007, 496 p.), [in Kazakh].
8. Edige [Edige], (Karakalpakstan, Nokis, 1990, 400 p.), [in Kazakh].
9. Babalar sözi: Jüztomdık [The words of the ancestors], (Foliant, Astana, 2008, 352 p.), [in Kazakh].
10. Auezov M. Adebiyet tarihy [Literary history], (Kitap, Almaty, 1991, 240 p.), [in Kazakh].
11. Margulan A. Ezhelgi zhır-anızdar [Ancient lullaby-the legend], (Almaty, 1985, 362 p.), [in Kazakh].
12. Butanayev V.Ya., Butanayeva I.I. Mir hongorskogo (hakasskogo) folklore [The world of Khongor (Khakass) folklore], (Publisher of N.F. Katanov Khakass State University, Abakan, 2008, 376 p.), [in Russian].
13. Babalar sözi: Jüztomdık [The words of the ancestors], (Foliant, Astana, 2006, 336 p.), [in Kazakh].
14. Kazak adebiyetinin tarihy [History of Kazakh literature], (Almaty, 1948, 439 p.), [in Kazakh].
15. Babalar sözi: Jüztomdık [The words of the ancestors], (Foliant, Astana, 2007, 416 p.), [in Kazakh].
16. Babalar sözi: Jüztomdık [The words of the ancestors], (Foliant, Astana, 2006, 392 p.), [in Kazakh].
17. Batirlar zhiri [Heroic Epics], (Zhazushy, Almaty, 2006, 256 p.), [in Kazakh].
18. Maaday Kara. Altayskiy geroicheskiy epos [Altai heroic epic], (Nauka, Moscow, 1973, 474 p.), [in Russian].
19. Tatar eposy [Tatar Epics], (Rannur nashriyatı, Kazan, 2004, 640 p.), [in Tatar].
20. Ulagashev N.U. Malchi Mergen [Malchi-Mergen. Altai heroic epic], (Oirot Regional National Publishing House, Gorno-Altaisk, 1947, 231 p.), [in Russian].

**Авторлар туралы мәлімет:**

Жиембаева Гүлбахрам Тұмарбекқызы – Ph.D., түркітану кафедрасының аға оқытушы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Маемерова Айнұр Рысбекқызы – Ph.D., Назарбаев университетінің нұсқаушысы, Назарбаев университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан.

*Zhiyembayeva Gulbakram Tumarbekkyzy* – Ph.D., senior lecturer of the Department of Turkology, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan.

*Maemeroval Aynur Rysbekkyzy* – Ph.D., instructor of the Nazarbayev University, Nazarbayev University, Nur-Sultan, Kazakhstan.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан  
(E-mail: rumtana@mail.ru)

## Ежелгі түркі жазба ескерткіштеріндегі бірқатар діни тұжырымдарының іске асуы

**Аннотация.** Түркілердің тілі, тарихы, діні, ділін және басқа да кілт мәселелерді қамтитын ежелгі және орта ғасырлардағы түркі жазба ескерткіштерінің түркітануды зерттеуде маңызы зор. Ежелгі түркі мұрасының тасқа қашалып жазылу үлгілері - әлі де сыры толық ашылмаған қазына. Бұл тастардың тарихи-археологиялық құндылығынан болек, сол дәүірде өмір сүрген түркі халқының рухани мәдениетінен, оның ішінде өмір салтынан, әдет-тұрсынан, діни нағым-сенімдерінен де толассыз ақпарат бере алатыны да күмән тұғызбайды. Мақалада да біз сол діни нағым-сенімдерінің ажырамас болігі болып саналатын ежелгі түркі қоғамында орын алған бірнеше діни концептіні қарастырамыз. Орта ғасырлардағы жазылған жазба ескерткіштермен салыстырғанда, ежелгі түркі жазба ескерткіштері түркі қағандары айтпақшы «мәңгі тастарға» негізделеді. Тастарға қашап жазудағы негізгі мақсат та түркі халқына жолданған бұл өсиетті үрпақтан үрпаққа беру және сақтау болып табылады. Дегенмен, ондаған жүзжылдық тарихы бар ескерткіштерге түсken сыйық пен жырақтар зерттеушілер арасында әртүрлі тұжырым тұғызып, аудармалардың да бірнеше нұсқаларының қалыптасуына әсер етті. Ежелгі түркі жазба ескерткіштерін қазақ түркітануында қарастыру барысында ең алдымен Құлтегіннің кіші мен үлкен жазулары, соңдай-ак, Тонықөк жазуы назарға алынады. Қағанның «Тәнірідей, тәніріден жаралған» және «Білкте көк Тәнірі» деп басталатын Құлтегіннің кіші мен үлкен жазуындағы алғашқы жолдарын Жаратушы атымен бастауы да сол кездегі діннің алатын орнын сипаттайтын. Ортағасырлық түркі жазба деректерінде де орын алған «Тәнір» сөзі бастауын аталаған ежелгі түркі еңбектерінен алатының ескеруіміз қажет. Зерттеуде Тәнір, Ұмай, мәңгі, ажал, жаратылыс сияқты концептілер зерделенеді.

**Түйін сөздер:** түркі, дін, Тәнір, жазба ескерткіш, концепт, ұғым.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6887/2022-139-2-202-211>

Тұсті: 21.01.2022 / Жарияланымға рұқсат етілді: 15.03.2022

## Кіріспе

Дүниежүзіндегі басқа халықтар секілді түркілердің де тарихы мен мәдениетінің қалыптасуы ерте заманнан бастау алады. Ежелгі түркілердің тарихы мен тілін, діні мен ділін, ой-санасы мен көзқарасын қамтитын құнды ақпарат сол дәүірде жазылған тас жазбалардан алынады. Ортағасырлық қағаз бетіне түсірілген қолжазбалар секілді ежелгі кездегі тасқа қашалып жазылған еңбектердің халық болмысы мен тыныс-тіршілігінен сол дәүірден хабар беретін бірден-бір дәлелді де, сенімді дереккөз болып табылатының ескеру қажет. Тасқа қашалып жазылған ежелгі түркі жазба ескерткіштерінің біразы бүтінгі күнге дейін сақталып, өзектілігі мен құндылығын жоғалтпай, әлі де әр түрлі ғылым саласындағы зерттеушілердің зерттеу нысанына айналып отыр. Алайда, ондаған ғасырдың ішінде адамдардың тарарапынан немесе адамнан тыс жасалған әрекеттердің нәтижесінде тастарда пайда болған сызаттар мен жарықтар түркітанушы-зерттеушілер арасында күмән тұғызып, тіпті біраз белгілер руналық таңбалар ретінде де қабылданды, ал бұл жағдайдағы зерттеу нәтижелеріне айтарлықтай кері әсерін тигізетіні сөзсіз. Қағаз бетіне түсірілген ортағасырлық араб графикалық қолжазбаларындағы сияның тамып кетуі немесе бекте түсken қосымша дақтардан басқа да факторлардың нәтижесінде пайда болған қосымша «нүктө» немесе «сыйық» тәрізді белгілер де зерттеу нәтижелеріне теріс әсер ететіні анық.

Түркітанушы ғалым Ф. Айдаров ежелгі түркі жазба ескерткіштерін «Руна ескерткіштерінің қатарына VI ғасырдың аяғы мен VII ғасырдың бас кезіндегі Орхон, Селенгі, Тола өзендері мен Минусинск ойпатынан табылған Құтлығ қаған, Білге қаған, Құлтегін, Тонуқук, Мойын чор, Суджа және т.б. ескерткіштер жатады» [1, 9 б.] деп, географиялық жағынан Орхон, Селенгі, Тола өзендері мен Минусинск ойпатында сақталған, уақыты жағынан VI ғасырдың аяғы мен VII ғасырдың басын қамтитын, атауы жағынан Білге қаған, Құлтегін, Тонуқук, Құтлығ қағандарының жазба ескерткіштері деп топтастырады. Кеңес дәүірінен бастап зерттеле бастаған бұл жазбалар түркітану ғылымында «ежелгі түркі жазбасы», «ежелгі түркі жазба ескерткіштері», «орхон-енисей жазба ескерткіштері», «ежелгі түркі жазбасындағы Енисей ескерткіштері», «ежелгі түркі жазбасындағы Орхон ескерткіштері» және «ежелгі түркі жазбасындағы Талас ескерткіштері» деп аталды. Ұсынылып отырған зерттеудің **мақсаты** ежелгі түркі жазба ескерткіштеріндегі кілт концептілерді зерделеу. Мақсатқа қол жеткізу үшін бірқатар **міндеттер** қойылды: ежелгі түркі ескерткіштеріндегі діни концептілерді іздеу; кілт ұғымдарды бір-бірінен ажырату; олардың мәтіндердегі қолданысы мен мағынасын көрсету.

### Зерттеу әдістері

Зерттеу жұмысында алға қойылған мақсат-міндеттерді шешу барысында ғылымда бұрынан қалыптасқан негізгі принциптер мен әдіс-тәсілдер қолданылды. Ежелгі түркі ескерткіштеріндегі негізгі діни ұғымдарды зерттеу мақсатында салыстырмалы, салғастырмалы-типологиялық, топтау, түйіндеу, сипаттау, кешенде талдау сияқты әдістер пайдаланылады. Сонымен қатар бұл зерттеуде компоненттік талдау, семантикалық модельдеу, интерпретация және т.с.с. әдістер мен қатар мәтіндерге текстологиялық, теолингвистикалық тұрғыдан, тарихи сабактастық тұргысынан талдаулар жасалады. Сондай-ақ, зерттеу жұмысында анализ-синтез, тарихи-салыстырмалы талдау, феноменологиялық тәсілдер қатар қолданылып, жалпы кешенде пәнаралық зерттеу, т.с.с қағидаттар басшылыққа алынады. Зерттеудің негізгі материалдарын Н.Келімбетовтың ежелгі түркі тілінен аудрамалары құрайды.

### Талқылау

Түркітану ғылымында ежелгі түркі жазбалары географиялық және тілдік ерекшеліктері жағынан Енисей, Орхон және Талас жазба ескерткіштері болып үш топқа бөлінеді. Жазба атауларына сәйкес Енисей маңайынан табылған жазбалар – Енисей, Орхон маңайынан табылған жазбалар – Орхон және Талас маңайынан табылған жазбалар – Талас ескерткіштері деп аталады. Ежелгі түркі жазбасын, оның ішінде Енисей жазба ескерткіштері мен олардың тілін зерттеген С. Малов Орхон-енисей ескерткіштерінің тілін сол дәуірде өмір сүрген барлық түркі тайпаларына ортақ, «диалект тұргысынан өзгеше жалпы стандартқа сай, эпитетиялық-руналық тіл» деп сипаттайды [2, 7 б.]. Зерттеуші атап еткен түркі тайпаларына ортақ, бір-бірінен диалектісі бойынша ерекшеленетін ежелгі түркі тілі қазіргі түркі тілінде қалыптасқан «Çağdaş Türk Lehceleri» (ауд. қазіргі түркі тілінің диалектілері) лингвистикалық терминдік тіркеспен ұштасатын секілді. Бұтінгі Еуразия континентіндегі бірқатар дербес және дербес емес мемлекеттерде шоғырланған түркілер ежелгі дәуірден бұтінгі күнге дейін қызын қыстау күрделі тарихи кезеңдерді басынан кешірді. Сондықтан қазіргі түркі, қазақ, өзбек, қыргыз, татар және т.б. түркі тілдерінің бастауы болып табылатын ежелгі түркі тілінің қазіргі түркі халықтары тілдерінің қалыптасуына дейін бірнеше кезеңнен өткені табиғи үрдіс, сол сияқты түркі халықтары сөйлеген тілдің тамырының да ежелгі заманга кететіні анық. Ал жазба тілі ежелгі түркі тайпаларына ортақ түркі тілі руналық немесе орхон-енисей

алфавитіне сүйенді. ХХ ғасырдың екінші жартысының өзінде И. Батманов «...Енисей ескерткіштерінің әріптердің едәуір архаикалық әртүрлілігін, ал Орхон ескерткіштерінің әріптердің біршама кейінгі әртүрлілігін көрсететіндігімен байланысты стилистикалық айырмашылықтар гана олардың еki жүз жылга жуық үақыт бойы дамыған бейнесімен сипатталады» [3, 16 б.] (ауд. - А.М.) деп, енисей мен орхон жазуларына тән стилистикалық айырмашылықтарды атап өтті. Ал В. Бартольд бұл ежелгі түркі алфавитінің түркі тіліне, әсіресе ондағы сингармонизм заңдылығына кейіннен пайда болған ұйғыр және араб алфавиттеріне қараганда әлдеқайда бейім болғанын айтады «...алфавит түркі тіліне, әсіресе сингармонизм заңына өте жақсы бейімделген, осыған байланысты ұйғыр және араб алфавиттеріне қараганда анағұрлым жетілдірілген болып көрінеді» [4, 6 б.] (ауд. - А.М.). Ал О. Сүлейменов түркі тілінің әдебиілігін, құдыреті мен иілімділігіне назар аудара отырып, грамматикалық, сол сияқты лексикалық ерекшеліктеріне тоқталады: «VIII ғасырда Орхон мен Енисей жағалауларында салынған алып стелаларға ойып жазылған жазулар қандай керемет әдеби тілді сақтаң қалды! Бұл күшті сезімдерді керемет білдіруге және поэтикалық ойдың ең нәзік нюанстарын жеткізуғе қабілетті икемді әрі қуатты тіл. ... Ежелгі көшпендердің тілі тірі түркі тілдеріне айналғанда, өзінің грамматикалық құрылымы мен лексикалық байлығының барлық сәнімен бүгінгі күнге дейін сақталып келеді!» [5, 41 б.]. Н. Келімбетов ежелгі түркі жазба ескерткіштері туралы сөз қозғағанда, алдымен Орхон ескерткіштерін айтуды жөн көреді: «...Түрік қағанаты (VIII ғасыр) тұсында өмір сүрген Орхон жазба ескерткіштері ойға оралады. Қазір әдебиеттануғының қазақ жазба әдебиетінің алғашқы бастаулары руна жазуымен жазылған осы жәдігерліктерден бастау алған деген пікір айтылып жүр. Бұлар – Түрік қағанатының әскери қолбасшысы Құлтегін батыр, оның ағасы Білге қаған және қағанның кеңесшісі данышпан Тонықек жайындағы жырлар» [6, 13 б.]. Түркі халықтарына ортақ төл туындылардың негізі саналған бұл жазба ескерткіштер арқылы өскелен ұрпақ ата-бабасының мәдениетімен барынша толық танысты десек артық айтпағандық болар еді. Бұл жазба ескерткіштерден шежірелерді, салт-санған мен түрмис-тіршілік элементтерін байқауға болады.

VI ғасырда қалыптаса бастаған Түркі қағанаты VII ғасырдың аяғына таман Шығыста Қытаймен, ал Батыста Византия және Үндістанмен шекаралас болды. Түркі қағанатының бір жағынан ірі өркениеттердің арасында орналасуы, екінші жағынан Батыс пен Шығысты қосып тұрған Ұлы керуен жолының аумағы арқылы өтуі түркі мемлекетінің стратегиялық тұрғыдан да, сол сияқты географиялық жағынан да маңыздылығын арттыруды. Тоғыз жолдың торабына айналған қазіргі Қазақстан аумағының Батыс Түркі қағанатының, одан кейін Қарлұқ қағанатының құрамына енүі тек саяси жағынан емес, сонымен қатар экономикалық, әлеуметтік жағынан, әсіресе отырықшылықтың, егін шаруашылығының дамуына, сауданың гүлденуіне, қалалардың салынуына түрткі болды. Қазақстанның Орталық Азияның дала кеңістігінің едәуір бөлігін алып, ғасырлар бойы тек көшпелі халыққа емес, сондай-ақ отырықшы-егін шаруашылығымен айналысқан халықтарға да пана болып, ертеден Батыс пен Шығысты қосатын «көпірдің» де стратегиялық, саяси және экономикалық рөлін ойнауы және т.б. факторлар халықтың дәстүрлі көзқарасының қалыптасуында ерекше рөл атқарды. Зерттеуші К. Торланбаева жорық-шапқыншылықтың жасалуы, жаңа мемлекеттердің құрылуы, халықтардың Ұлы қоныс аударуы, көшпендердің миграциялық ағымдары және т.с.с. табиги, саяси, тарихи, экономикалық немесе мәдени үрдістер кез келген мемлекеттің біртұастығына әсер еткенімен, «...әскери-саяси қоғамдардың ағымында рухани аспект қоғамның мәдени дамуының біртұтас негізі болып қала берді» [7, 99 б.] деп атап көрсетеді. Этнолог Дж. Дреппер өзі жүргізген зерттеу қорытындысына сәйкес, «адам мен қоғамның психофизикалық сипаттамасы тұрып жатқан табиги-климаттық жағдайлардың әсерінен қалыптасады. Мәселен, солтүстік аймақта тұратын тұрғындардың бойынан сұық климатта өмір сүрге лайықты төзімділік пен көнбістіктің (куй талғамаушылық); орталық аймақта

тұратын тұрғындардан қоныржай климатқа лайықты зияткерліктің, ал онтүстік аймақ аймақта тұратын тұрғындардан ыстық пен жылы ауа райы жағдайына байланысты наным-сенім мен руханилықтың белгілерін көргө болады» [8, 66 б.] дейді. Қазақ халқында «Ұлы жүзді қолына қауға беріп малға қой, Орта жүзді қамшы беріп дауға қой, Кіші жүзді найза беріп жауға қой» деген сөз бар. Ұш жүздің көбіне аймақ-аймақ бойынша шоғырланып орналасқанын ескерсек, бұл асыл сөздің төркіні этнолог-ғалымның тұжырымымен ұштасатын тәрізді. Осылай ауа райының ыстық, сұық, қоныржай температурасында өмір сүрген қазақ халқының дүниетанымы, әсіресе ежелгі түркі ескерткіштерінің бір тобы табылған онтүстік – Талас өнірінде қалыптасқан дәстүрлі көзқарас жергілікті халықтың діни наным-сенімдерінің күштілігімен ерекшеленеді. Қазақстан аумағында өмір сүрген Батыс Түркі қaganатының ежелгі түркілерінде Көкке (аспанға) табыну дәстүрінің әлі күнге дейін сақталғанын зерттеуші Г. Елеуkenova «этностиң генетикалық жадының, яғни генетикалық аспектіде есте сақтау қабілетінің күштілігімен, жоғары денгейімен» түсіндіреді [8, 66 б.]. Ежелгі түркілердің, әсіресе қазіргі Қазақстан аумағын мекендейген түркілердің дәстүрлі көзқарасының қалыптасуына жерінің кең байтақ дала ландшафтында орналасауы, мал шаруашылығымен айналысу, көшпелі өмір салтын ұстану, діни практикамен айналысу және т.с. факторлар әсер етті. Сонымен қатар ежелгі түркі өркениетінің, көзқарасының қалыптасуы олардың сак, ғұндармен тарихи-мәдени байланыстарының болуымен ерекшеленеді. Түркілердің Жаратушы ретінде Көк-Тәнірғе құлшылық жасап, жер-су, тау-қырат, аспан денелері, ағаш сияқты табиғат нысандарына тағзым етуі ежелгі Орхон, Енисей немесе Талас ескерткіштерінен бірден байқалады. Мысалы, түркілер Алтайдағы «қасиетті» деп танылған тауларға құлшылық жасаған. Әдебиеттанушы-ғалым М. Баҳтиң ежелгі халықтардың мифологиясын зерттеп, олардың дәстүрлі көзқарасын сол дәуірдегі «ғарыштық қорқыныш» ұғымына назар аудара отырып зерделеуге болатынын айтады. Мәселен, ғалымның зерттеуіне сәйкес, ежелгі халықтар аумағы жағынан ұлкен, қуаты жағынан күшті болып табылатын кез келген объектілерден (жұлдызды аспан, таулар, теңіз болсын) сескенетін болған [9, 37 б.].

## Нәтижелер

Ежелгі түркі жазуларындағы дәстүрлі дүниетаным бойынша қарастырылатын ұғымдарға космогониялық, кеңістік, уақыт түсініктері жатады. Білге қаганның түсінігіне сәйкес, дүние пайда болғаннан кейін, адамдардың ішінде алдымен түркілер пайда болды, яғни адамның адамы ретінде Тәнірден – аспаннан көк түркілер жаратылып, адам үрпақтарын билеуді міндет етіп алды. Ежелгі түркі халқына Аспан – әке болса, Жер (Ұмай) – ана болды, біріншісі екіншісін қуаттандыру арқылы көгеріп, көктеп өрбіді. Ал кеңістікке байланысты көзқарастары адамдық бағалаушылық мазмұнға бай болды, әсіресе ел қағандары Аспанның ұлдары, оның нұрынан жаралғандар ретінде қабылданды. «Адам ұлдарының үстіне отырдым» деген дастан жолы да Тәнірден жаратылған қаганның елін билеуін білдіреді. Ежелгі түркі дүниетанымда «үстіне отырдым» деген ұғым елге қызмет ету емес, бағындыру, одан кейін ел жасау мағынасын білдіреді. Сол сияқты «... тәтті сөздерімен, асыл тастарымен алыс жүрттарды Табғаш халқы соншалықты қызықтырды. Оларға жақын мекендеймін деп тек азғындыққа аппаратын білімдерді үйрәндің» немесе «тәтті сөздерге, асыл тастарға елігіп, сен көп қырылдың» деп, материалдық байлыққа азғындалып, шашырап кеткен түркілерді біріктіріп, көбейтіп, ел жасаған қаганның халқына қалдырған өсietі тасқа қашалып жазылған ескерткішке айналды. Соншалықты қорғаштауға ұмтылған қаган «Айтар сөзімді мәңгі тасқа қашаттым. Соған қарап біліп жүріндер, түркі халықтары мен бектері! Таққа жүтінген бектер, сендер адасуға бейімсіңдер! Мен мәңгі тас ескерткіш орнаттым...» деп, қолбасшыларының таққа ұмтылыстарын, дұрыс жолдан таюға бейім болғандарын жырлаған секілді.

«Әке» рөліндегі Тәнір де (немесе аспан), «ана» рөліндегі Ұмай да ежелгі түркілерде қалыптасқан «ұштік дүниетанымның» ажырамас бөлігі. «Тәнір-Адам-Жер» концепциясы бойынша соңғысы Жер немесе Жер-Суға да түркілер құлшылық жасап, ежелгі халықтар табиғатта болып жатқан наизагайдың жарқылдауы, жауын-шашынның түсүі, күннің күркіреуі және т.с.с. әр түрлі табиғи құбылыстарды Жаратушының іс-әрекеті, тіпті қуануы немесе қаһарлануы деп қабылдаған. Жер-су Отан немесе территория ретінде келесі жолдардан да орын алады:

Атамыз, бабамыз ұстаған

Жер-су иесіз болмасын деп...

Көгмен жер-суы иесіз қалмасын дедік [10, 87 б.].

Үшінші философиялық-діни көзқарастың аспектісі адам мен оның жаратылышына байланысты айтылады. Мысалы, Құлтегін «Жоғарыда Көк Тәнірі, Төменде қара жер жаралғанда, Екеуінің арасында адам баласы жаралған» деп жырласа, қалыптасқан дүниетаным да «адамның Көк-Тәнірдің қалауымен Көк-бөріден таралғанын» алдыға тартады. Түркілердің пайымдауынша, дүниежүзі мен адамның жаратылышы белгілі бір хронологиялық реттілікпен пайда болған. Алдымен көк аспан, одан кейін қара жер, содан кейін адамзат жаратылып, билеуші ретінде қағандар тағайындалды. Көк аспанды жоғары жаратушы күш ретінде адамдардың (нақты адамның да), қағандардың, қоғамның және елдің тағдырын шешетін Тәнірмен (Тенгри) байланыстырыды. Адамды, сол сияқты мемлекетті билейтін қағанды Тәнірі немесе Тәнір тағайындейді. Құлтегін жазба ескерткішіндегі жазу да оған дәлел: «Әлемнің көтінде аспан, астында қоңыр жер пайда болғанда, осы екеуінің арасында адам баласы жаратылды. Адам баласының үстінен менің бабаларым Бұмын қаған мен Истеми қаған билік жүргізді. Таққа отырған олар өз мемлекеттің қорғап, Түркі заңдарын шығарып, бекітті». Сол сияқты Білге қағанның да жазба ескерткішінде «Түркі халқы жойылмасын, ел болсын! Әкем Елтеріс қағанды, шешем Елбілге қатынды Тәнірі төбесіне ұстап, жоғары көтерген екен, мені қаған етіп отырғызған екен», – деп елінің мемлекет болуын тілей отырып, Тәнірдің қағанды тағайындейтынын айтады. Тәуелсіз Қазақстан рәміздерінің бірі – туының негізгі бөлігі көк түспен берілген. Сол сияқты халық арасында тікелей Көк аспанды менземесе де, әлі де «Тәнір жарылқасын», «Жаратушы Тәнірім», «Тәнірім қолдасын» сияқты ұғымдар араб тілінен енген «Алла», парсы тілінен енген «Құдай» сөзімен алмастырылып қолданылады. Ежелгі түркі көзқарасында негізінен ұш құдайдың: Көк Тәнірі, Жер-Су және Ұмай-ананың болғандығын көреміз, олар Тонықөк құрметіне жасалған ескерткіш мәтінінде былай суреттелген: «Көк Тәнірі, Ұмай (Құдай), қасиетті Жер-су, міне, осылар бізге женіс сыйлаған екен». Қазақстанда, тіпті Алтай жақта тұратын түркілердің арасында әлі күнге дейін әйел құдай – әйел мен бала жебеушісі – Ұмай ананы қастерлеп, оған тағзым ететіндер бар. Екінші жағынан, бұл жерде көне түркі мәдениетіндегі «ұштік дүниетанымын» (Тәнір, Адам және Жер), сондай-ақ Ұмай ананың «адам» орнындағы рөлін анық байқауға болады. Бұл ұштіктің үстем қыры Тәнір немесе Тәнірі – субстанциялық ұғым, сондықтан фетишизмдік, мифологиялық немесе пайғамбарлық емес, кеңістік, нақты айтқанда Көк аспанмен бейнеленген. Көне түркілер дәүірінде қасиетті Жер-Су, Жер, Жерүйік ұғымдарына аса қатты мән берілгені анық. Бұл жерде Ұмай – Жер-Ананың жалпылама атауы. Құлтегіннің үлкен жазуында Ұмай келесі жолдарда орын алады:

Әкем қаған өлгенде

Інім Құлтегін жеті жаста қалды.

Он жаста Ұмай текті шешемнің бағына

Інім Құлтегін ер атанды [10, 90 б.]

Ежелгі түркі философиялық-діни көзқарасының мәңгілік идеясының ажырамас бір бөлігі - Тәнір концептісі. Құлтегіннің кіші жазуы да «Тәніріде, тәніріден жаралған Түрк білге

қаған», үлкен жазуы да «Биікте көк Тәнірі, Тәменде қара жер жаралғанда» деп алғашқы жолдарын «Тәнір» сөзімен бастайды [11, 171-175 б.]. Жаратушының орны мен маңызы, әсіресе Оның жазғаны мен бұйырғаны туралы сөз қозғалуы барысында келесі жолдарды байқауға болады: Тонықөтке «Тәнірі былай деген екен: Хан бердім, Ханыңды тастап, бағындын, Бағынғаның үшін басқаға, Тәнірі сені өлімші етті, Түркі халқы қырылды. Әлсіреді, жойылады» [10, 107 б.]; «Әскері үш мың екен, Біз екі мың едік, Соғыстық, Тәнірі жарылқады, жендік» [10, б. 110]; Құлтегінде «Көтерген Тәнірі, Ел берген Тәнірі, Түркі халқының атақ-данқы өшпесін деп, (Мені) қаған (етіп) отырғызған еді» [10, 89 б.]; «Тәнірі жарылқағандықтан, Өзімнің бақытым бар болғандықтан, Қаған отырдым» [10, 81 б.] немесе «Тәнірі қуат берген соң, Әкем қағанының әскері бөрідей болты, Ілгері-кейін аттанып, жинапты, көтеріпті» [10, 85 б.].

Құлтегінде жаратылыс идеясы «Биікте Көк Тәнірі, Тәменде қара жер жаралғанда, Екеуінің арасында адам баласы жаралған. Адам баласы үстіне ата-тегім Бумын қаған, Иstemі қаған отырған» [10, 83 б.], «ажал» сияқты концептілер де айтылады: Құлтегіндегі «Түркі халқы: «Қырылайық, жойылайық» – десті, Ажалға жылжи бастады, Көктө түрк тәнірісі» [10, 85 б.]; «Тағдырды Тәнірі жасар, Адам баласы бәрі өлгелі туған» [10, 95 б.]; тағдыр «Тәнірі жарылқағандықтан, Өзімнің бақытым бар болғандықтан, Қаған отырдым» [10, 81 б.]; «Тәнірі қуат берген соң» [10, 85 б.].

Түркілердің философиялық-діни көзқарасындағы «Тәнір-Адам-Жер» концепциясының «адам» концептісінің тағы бір қыры – олардың (түркілердің) еліне деген құрметі, мәселен, өздері құрған мемлекетті «Мәңгі ел» деп атап, оның тұрақтылығы мен қауіпсіздігін жоғары қойды. Қазіргі таңда қазақ елін қайта жаңғырту үшін ұсынылған «Мәңгілік ел» идеясының өзі де, мәні мен мазмұны да тарихымыздың терең қойнауында жатқаны, атап айтқанда, ежелгі Түркі қағанаты тұсындағы үш қағанының кеңесшісі Тонықөктен бастау алғаны белгілі. Иоллығтегін қағанының «Тұтас түркі елі», Құлтегін қағанының халқының бірлігін сақтау мақсатында Қапаған қағанының басын алып: «Бек ұлдарың құл болды, Пәк қыздарың құң болды. ... Түрік, оғыз бектері, халқы, тыңдаңдар! Биіктен тәнірі баспаса, Тәменде жер айналмаса, Түрік халқы, ел-жұртыңды кім қорғайды?» деп, халқына тасқа қашап «өз жолдауын» қалдырған болатын. Жазбаларда ежелгі түркі қағаны «Барлық сөзімді айтар, Мәңгі тасқа бастым. ... Мен мәңгі тас. Табғаш қағаннан бәдізші алдырыдым, жазу жазғыздым. Менің сөзімді бұзбады. Табғаш қағаны ішкі өнірден бәдізшілерін жіберді. Оларға бөлекше мазар салдырыдым, Iши-тысына жазу жазғыздым, тас қалаттым. Қөңілдегі сөзімді. Он оқ ұлдарына, таттарға дейін, Бұны көріп, біліңдер. Мәңгі тас қалаттым» [10, 81 б.] деп, «мәңгі тасқа бастым», «мен мәңгі тас», «жазу жазғыздым», «тас қалаттым» және «мәңгі тас қалаттым» деп түркі халқына жолдаған өсиетінің мақсаты да тасқа қашалып жазылуы арқылы мәңгі сақталуында болды. Қазіргі таңдағы «түркі әлемі», «түркі дүниесі», «түркі халықтары», «түркі тілдері» сияқты ұғымдар Құлтегін армандаған біртұтастылық пен бірліктің толығымен болмаса да, біразының жүзеге асқанын көрсетіп отырған сияқты. Түркілердің «Мәңгі тастары» әлі де зерттеушілердің назарын аударып, зерттеу нысанына айналуын жалғастыруда. «Мәңгілік» ұғымының маңыздылығы ежелгі түркілер арасында пайда болған «Мәңгілік ел» (ежелгі түркі жазбаларында «Бенгү ел» – ауд. Мәңгі ел) идеясымен жалғасып, келер үрпаққа өсиет ретінде қалдырған мұрасының да мәңгілік болуын мақсат еткен түркілер жазуларын тасқа қашап жазған. Құлтегін ежелгі түркі жазуында «Өтүкен қойнауында отырсан, Мәңгі елдігінді сақтайсың сен» [10, 81 б.] деп бекер айтылмаса керек. Сонымен мәңгі елді армандаған түркілер мемлекеттің іргетасын мәңгілік етуімен қатар, келер үрпаққа мәңгігің қалдыру мақсатында өсиетін «мәңгі тастарға» (ежелгі түркі тілінде «Бенгү таш» – ауд. Мәңгі тас) қашап жазған. Қағанат билеушілері үшін тастың мәңгілігі, яғни материалдық тұсы емес, рухани тұсы – тасқа жазылған өсиеттің мәңгілігі маңызды болды.

## Қорытынды

Ежелгі түркі жазба ескерткіштеріндегі діни концептілердің ішінде бірқатары қазіргі түркі тілдерінің бірқатарында сақталып, сематикалық өрісіне қарай мағынасы кеңейіп немесе керісінше тарланып қолданылуда. Бұл ескерткіштердегі діни ұғымдардың негізін құрайтын «Тәнір» концептісі алғашқы рет «Аспан», «Көк» деп аударылып, бірқатар еңбектерде әлі де сол күйінде қалған. Алайда бұл жазба еңбектермен танысу мен оларды зерделеу нәтижесінде «Тәнір» ұғымының Жаратушы ретінде, яғни арабтарда «Аллаһ», «Раб», парсыларда «Құдай» ретінде орын алып, ал қазақтарда үшеуінің де қат-ар қолданысын айта аламыз: «Алла сақтасын», «Құдай сақтасын» және «Тәнір сақтасын». Қазақ діни философиясы мен теолингвистикасында «Алла», «Құдай» мен «Тәнір» концептілері бір-бірімен алмасып, «Жаратушы» мағынасында қолданылады. Түркі жазба ескерткіштеріндегі діни концепциясында орын алған Жер-су, Жер ана немесе Ұмай ана да қазірдің өзінде бірқатар түркі қоғамында жердің және «ана мен бала қорғаушысы» ретінде қабылданады. Ежелгі түркі қоғамында Жаратушының мәңгілімен қоса, елдің, тастың да мәңгілігі қарастырылатын, мәселен, «Мәңгі ел», «мәңгі тас», «мәңгі көк тауы» және т.с. Сонымен қатар қағанат билігі тұсындағы түркілер адам, оның болмысы, өмірі мен ажалы, өмірге келуі мен кетуі, тағдыры сияқты діни мәселелерге де мән берген.

### Қаржыландыру

Бұл жұмыс ҚР БжFM гранттық қаржыландыруымен АР09260492 «Қазақ және ұнды халықтарының дәстүрлі дүниетанымындағы рухани негіздер (діни-философиялық синкретизм)» гылыми жобасы аясында орындалды.

### Әдебиеттер тізімі

1. Айдаров Ф. Білге қаған ескерткішінің тілі / Ф. Айдаров. – Алматы: Мектеп, 1986. – 182 б.
2. Малов С.Е. Енисейская письменность тюрков / С.Е. Малов. – Москва: Издательство АН СССР, 1952. – 118 с.
3. Батманов И.А. Язык енисейских памятников древнетюркской письменности / И.А. Батманов. – Фрунзе: Изд-во Акад. Наук Киргизск. ССР, 1959. – 220 с.
4. Бартольд В.В. История турецко-монгольских народов. Конспект лекций / В.В. Бартольд. – Ташкент: Казахский высш. педагогич. ин-т, 1928. – 36 с.
5. Сулайменов О. Эссе, публицистика. Стихи, поэмы. Азия / О. Сулайменов. – Алма-Ата: Жалын, 1990. – 592 с.
6. Келімбетов Н. Ежелгі түркі поэзиясы және қазақ әдебиетіндегі дәстүр жалғастығы. Монография / Н. Келімбетов. – Алматы: Ғылым баспасы, 1998. – 116 б.
7. Торланбаева К.У. Синcretism – основа религиозных воззрений народов Центральной Азии // Материалы международной научной конференции «Роль степных городов в цивилизацииnomadov», посвященной 10-летнему юбилею г. Астана, 2 июля 2008 г. – Астана, 2008. – 520 с.
8. Елеуkenова Г.Ш. Тюркские корни казахской литературы // Общественно-политический литературно-художественный журнал «Евразия». – 2002. – № 1. – С. 64-70.
9. Бахтин М.М. Творчество Франсуа Рабле и народная культура средневековья и Ренессанса / М.М. Бахтин. – Москва: Художественная литература, 1990. – 543 с.

10. Келімбетов Н. Түркі халықтарының ежелгі әдеби жәдігерліктері: Хрестоматия / Н. Келімбетов. – Алматы: Раритет, 2019. – 904 б.
11. Жолдасбеков М. Орхон ескерткіштерінің мәтіні. Орхонские надписи. Кюль-Тегин, Билге-Каган и Тоньюокук / М. Жолдасбеков. – Семей: Международный клуб «Абая», 2001. – 252 с.

**А.А. Мустафаева**

*Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан*

**Функционирование некоторых религиозных концептов  
в древнетюркских письменных памятниках**

**Аннотация.** Древние и средневековые тюркские памятники, затрагивающие язык, историю, религию, менталитет и другие ключевые вопросы тюркских народов, имеют важное значение в тюркологии. Выгравированные на камне образцы древнетюркского наследия - это целое сокровище, которое еще полностью не изучено. Помимо исторической и археологической ценности этих камней, нет сомнения в том, что они могут предоставить информацию о духовной культуре тюркских народов того времени, включая их образ жизни, обычаи и религиозные верования. В этой статье мы рассмотрим ряд религиозных концептов, существовавших в древнетюркском обществе и являющихся неотъемлемой частью его религиозных верований. По сравнению со средневековыми письменными памятниками, древнетюркские надписи основаны на «вечных камнях» тюркских каганов. Основная цель написания на камнях - передать из поколения в поколение и сохранить данное послание, адресованное тюркским народам. Однако появившиеся трещины на памятниках привели исследователей к разным выводам, а также способствовали формированию нескольких версий переводов. При изучении древнетюркских памятников в казахстанской тюркологии в первую очередь во внимание берутся малая и большая надписи в честь Культегина, а также надпись в честь Тоньюокука. Значимость религии подчеркивается в первых строках двух надписей Культегин кагана, которые начинаются именами Создателя «Тенгри подобный и Тенгри рожденный» и «Когда вверху голубое небо». Следует отметить, что слово «Тенгри», которое также встречается в средневековых тюркских первоисточниках, восходит именно к древнетюркским сочинениям. В исследовании изучаются такие понятия, как Тенгри, Умай, вечность, смерть, натура человечества.

**Ключевые слова:** тюркский, религия, Тенгри, письменный памятник, концепт, понятие.

**A.A. Mustafayeva**

*Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan*

**Functioning of some religious concepts in the ancient Turkic written monuments**

**Abstract.** The Ancient and medieval Turkic monuments affecting language, history, religion, mentality, and other key issues of the Turkic peoples have great importance in the Turkic studies. The samples of the ancient Turkic heritage engraved on the stone represents a whole treasure that

has not yet been fully explored. In addition to the historical and archaeological value of these stones, there is no doubt that they can provide information about the spiritual culture of the Turkic peoples of that time, including their way of life, customs, and religious beliefs. The article considers several religious concepts that existed in the ancient Turkic society. They are an integral part of its religious beliefs. Compared to the medieval written monuments, ancient Turkic inscriptions are based on the "eternal stones" of the Turkic kagans. The main purpose of writing on stones is to pass on from generation to generation and preserve this message addressed to the Turkic peoples. However, the cracks that appeared on the sites led researchers to different conclusions, and also contributed to the formation of several versions of the translations. When studying the ancient Turkic monuments in Kazakh Turkology, first of all, the article considers the small and large inscriptions in honor of Kultegin, as well as the inscription in honor of Tonyukuk. The significance of the religion is described in the first lines of the two inscriptions of Kultegin, where the kagan begins with the name of the Creator "Tengri like and Tengri born" and "When the blue sky is above" (in the meaning Tengri). It should be noted that the word "Tengri", which is also found in the medieval Turkic sources, goes back precisely to the ancient Turkic writings. The study examines concepts such as Tengri, Umai, eternity, death, and the nature of humanity.

**Keywords:** Turkic, religion, Tengri, written monument, concept, meaning

## References

1. Ajdarov G. Bilge qagan eskertkishinin tili [The language of the monument to the Bilge Kagan], (Mektep, Almaty, 1986, 182 p.), [in Kazakh].
2. Malov S.E. Enisejskaya pis'mennost' tyurkov [Yenisei written language of the Turks], (Izdatel'stvo AN SSSR, Moscow, 1952, 118 p.), [in Russian].
3. Batmanov I.A. Yazyk enisejskih pamyatnikov drevneturkskoj pis'mennosti [Language of the Yenisei monuments of ancient Turkic writing], (Izd-vo Akad. Nauk Kirgizsk SSR, Frunze, 1959, 220 p.), [in Russian].
4. Bartol'd V.V. Iстория туреко-монгольских народов. Конспект лекций [History of the Turkish-Mongolian Peoples. Summary of lectures], (Kazakskij Vyssh. Pedagogich. Institut, 1928. – 36 s.), [in Russian].
5. Sulejmenov O. Esse, publicistika. Stihi, poemy. AziYA [Essays, journalism. Poems, poems. AsiYa], (ZHalyn, Alma-Ata, 1990, 592 p.), [in Russian].
6. Kelimbetov N. Ezhelgi turki poeziyası zhane qazaq adebietindegi dastur zhalgastygy. Monografiya [Ancient Turkic Poetry and Continuity of Traditions in Kazakh Literature.Monograph], (Gylym baspasy, Almaty, 1998, 116 p.), [in Kazakh].
7. Torlanbaeva K.U. Sinkretizm – osnova religioznyh vozzrenij narodov Central'noj Azii. Materialy mezhdunarodnoj nauchnoj konferencii «Rol' stepnyh gorodov v civilizacii nomadov», posvyashchennoj 10-letnemu yubileyu g. Astana, 2 iyulya 2008 g [Syncretism - the basis of religious beliefs of the peoples of Central Asia. Materials of the International Scientific Conference "The role of steppe cities in the civilization of the nomads", dedicated to the 10th anniversary of Astana, July 2, 2008.], (Astana, 2008, 520 p.), [in Russian].
8. Eleukanova G.SH. Tyurkskie korni kazahskoj literatury. Obshchestvenno-politicaleskij literaturno-hudozhestvennyj zhurnal Evraziya [The Turkic roots of Kazakh literature. Socio-political literary and art magazine "Eurasia"]. 2002. No. 1. P. 64-70, [in Russian].

9. Bahtin M.M. Tvorchestvo Fransua Rable i narodnaya kul'tura srednevekov'ya i Renessansa [The Work of François Rabelais and the Popular Culture of the Middle Ages and the Renaissance], (Hudozhestvennaya literatura, Moscow, 1990, 543 p.), [in Russian].
